Астана – тәуелсіз Қазақстанның дамуының, ұлы армандар мен жарқын, терең ойдың іске асуының символына айналды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ



№78–79
(4823)
Сенбі
5 шілде
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Құрметті астаналықтар және қала қонақтары!

Сіздерді Астана күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Астана үнемі құлпырып, өсіп, дамып келеді. Бұл жетістіктердің бәрі сіздердің – қала тұрғындарының жанашырлығы, шыдамдылығы және өз ауданына, ауласына, үйіне деген сүйіспеншілігінің нәтижесі.

Мереке күндері қалада жүзден астам түрлі іс-шара ұйымдастырылады. Олар – концерттер, шоулар, қойылымдар, көрмелер, спорттық турнирлер және т.б. Кез келген адам көңілінен шығатын іс-шара таба алады деп ойлаймын.

Астана – армандар орындалатын қала. Мұнда жастар шаңырақ көтеріп, қызмет сатысымен өседі, ұрпақ тәрбиелейді. Біз өз тарапымыздан елордамыздың одан әрі көркейіп, жақсара түсуі үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасаймыз.


Сіздердің азаматтық белсенділіктеріңізге, қоғамдағы түйткілді мәселелерге назар аударып, пікірлеріңізді ашық айтқандарыңызға алғыс айтамын. Біз атқарып жатқан істің бәрі – сіздермен бірлесе және сіздер үшін жасалып жатыр. Астана күні құтты болсын! Әр отбасыға мықты денсаулық, береке-бірлік және табыс тілеймін.

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

АСҚАҚТАЙ БЕР, АСТАНА!

ДОМБЫРА КҮНІ – ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шілде айының алғашқы жексенбісінде аталып өтетін Ұлттық домбыра күнімен құттықтады, деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.



«Домбыра – ұлт болмысы, халық қазынасы. «Қазақ – нағыз қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра». Әсіресе, өскелең ұрпақтың домбыраға деген ықыласы ерекше. Жастар төл мәдениетімізді терең түсініп, салт-дәстүрімізге құрметпен қарайды. Бұл – өте жақсы үрдіс. Өйткені ата-бабаларымыздың мәдени мұрасын көздің қарашығындай сақтау – нағыз отаншылдықтың көрінісі. Отанға сүйіспеншілік – мемлекеттілігіміздің темірқазығы. Қазақстан жастарының мұны жақсы түсініп, қолдайтынына ризамын. Мемлекет руханият саласын барынша дамыта береді. Дәстүрлі өнердің дүлдүлдері Қайрат Байбосынов «Қазақстанның Еңбек Ері», Айгүл Үлкенбаева, Айгүл Қосанова «Қазақстанның халық әртісі» атағына ие болды. Қасиетті қара домбыраның күмбірін бүкіл әлемге паш етіп жүрген азаматтарға алғыс айтамын» деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

ҚАРАӨТКЕЛ – АЛАШТЫҢ КІНДІГІ

8-БЕТ | АСТАНА КҮНІ



ЕРЛІК ПЕН ӨРЛІК ЖЫРШЫСЫ

11-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

№78-79 (4823) 05/07/2025 Сенбі



ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНА ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Президентке елімізде орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған экономиканы әртараптандыру және құрылымдық жаңғырту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы есеп берілді.

Президент тапсырмаларын жүзеге асыру аясында жалпы инвестиция көлемі 2,3 триллион теңгеден асатын әрі шамамен 20 мың жұмыс орнын құруды көздейтін 45 ірі өнеркәсіптік жоба іске асырылып жатыр.

Премьер-министр Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында көлік саласын дамытуға қатысты Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді орындау бойынша қолға алынған жұмыстар жөнінде баяндады. Президентке вегетациялық кезең туралы мәлімет ұсынылды. Егістікті су ресурстарымен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы мәселелері тұрақты бақылауға алынып, су үнемдеу технологиялары енгізілуде. Өңірлік штабтар жұмыс істеп жатыр.

Мемлекет басшысына егіс науқанының аяқталуы және жиын-терім жұмыстарына дайындық барысы жөнінде айтылды. Еліміздегі жалпы егіс алқабы 23,7 миллион гектарды құрады. Шаруаларға толық көлемде қолдау көрсетілуде. Жыл басынан бері ауыл, орман және балық шаруашылығындағы өнімдер мен қызметтердің жалпы көлемі 4 пайызға өсті. Барлық өңірде оң динамика тіркелді.

Сонымен қатар энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, цифрлық трансформациялау жөнінде ақпарат берілді. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев экономикада институционалдық өзгерістер жасауға, өңірлерді дамытуға және инвестиция тартуға қатысты бірқатар тапсырма берді.

ТЕХНИКА ПАРКІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Елордалық мәслихат депутаттарына «Астана су арнасы» коммуналдық кәсіпорнының жаңартылған арнайы техника паркі таныстырылды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Алаңда заманауи канал жуу машиналары, апаттық-құтқару көліктері, экскаваторлар, жүк тиегіштер, тегістегіш каток-тар, сондай-ақ инженерлік желілерді тиімді күтіп ұстауға және апаттарға жедел әрекет етуге арналған қосалқы техника көрсетіледі. Арнайы техниканың басым бөлігі кәсіпорынның өз қаражаты есебінен сатып алынған. Қалған техника қалалық коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бағдарламасы аясында елорда әкімдігінің қолдауымен алынған. Бұл жаңарту қаланың инженерлік жүйелерін сенімді әрі жедел қызметпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамдық жайлылық пен тұрғындардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды қадам» деп жазды төраға.

АҚШ ПРЕЗИДЕНТІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Америка Құрама Штаттарының Тәуелсіздік күніне орай Президент Дональд Трампқа құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті бұл айтулы күнді Америка халқының табандылығы мен өршіл рухының, бостандық және демократия қағидаттарына мызғымас беріктігінің символы ретінде атап өтті. «Мен екіжақты кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытуға ұмтылысымды тағы да растаймын. Сондай-ақ халықтарымыздың игілігі жолында көпжақты ықпалдастықты тереңдетуге әзір екенімді жеткіземін» деп жазылған жеделхатта. Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

ҚАНША АУЫЛҒА ИНТЕРНЕТ ҚОСЫЛАДЫ?

Премьер-министр Олжас Бектенов Президент тапсырмаларын, оның ішінде Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмаларын орындау аясында негізгі энергетикалық және ақпараттық-коммуникациялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңес барысында Энергетика министрі Ерлан Аққенженов, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, «KEGOC» АҚ басқарма төрағасы Нәби Айтжанов, «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Мақсұтов баяндама жасады.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның электр энергиясымен өзін-өзі толық қамтамасыз етуіне қол жеткізу және резервтерді қалыптастыру міндетін қойды. Негізгі энергетикалық жобаларды жүзеге асыру – экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық міндет. Энергожүйенің тұрақты әрі болжамды жұмысы өнеркәсіптік өсім мен өңірлердің дамуына негіз болып, жаңа жобалардың, оның ішінде цифрлық шешімдер мен жасанды интеллектіні енгізу бағытындағы жобалардың іске қосылуына жағдай жасайды. Жаңа қуаттардың белгіленген мерзімде іске қосылуын қамтамасыз ету қажет» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Энергетика министрлігінің деректері бойынша қазіргі уақытта Қазақстанда 230 электр стансасы жұмыс істейді, оның 156-сы – жалпы қуаты 3 ГВт-тан асатын жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) объектілері. 2024 жылдың қорытындысы бойынша тұтыну көлемі 119,9 млрд кВт/сағат болса, электр энергиясын өндіру 117,9 млрд кВт/сағатты құрады.

Энергетика министрі Ерлан Аққенженов тапшылықты жабу және қуаттарды жаңарту үшін 2035 жылға дейін қосымша 26 ГВт-тан астам энергия өндіруді көздейтін генерацияны дамыту бойынша кешенді бағдарлама жүзеге асырылып жатқанын баяндады. Бүгінде 10 ГВт қуат көзін іске қосу жобалары әртүрлі кезеңдерде пысықталып жатыр. Қолданыстағы стансаларды жаңғырту есебінен тағы шамамен 5 ГВт қамтамасыз ету жоспарланған. 2025 жылы 621,5 МВт, оның 166 МВт-ын дәстүрлі, 455,5 МВт-ын ЖЭК қуатынан іске қосу көзделген.

Нөлдік зиянды қалдықтарға жақын таза көмір технологияларымен байланысты перспективалы жобаларды жүзеге асыруға ерекше назар аударылып отыр. Атап айтқанда, Екібастұздағы қуаттылығы шамамен 2,6 ГВт болатын ГРЭС-3 пен Курчатов қаласындағы қуаты 600-700 МВт болатын ЖЭО құрылыс жобалары қолға алынған. Бұл бастамалар ескірген көмір стансаларын кезең-кезеңімен ауыстыруға бағытталған және Мемлекет басшысының 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бағытына сәйкес келеді.

Сондай-ақ кеңес барысында ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобалар қаралды. Олжас Бектенов Қазақстан экономикасын цифрлық трансформациялау үдерісіндегі осындай бастамалардың рөлін атап өтті.

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК – ӘЛЕУЕТТІ САЛА

Кеше Астана қаласы Қоғамдық кеңес төрағасы Зұлфұхар Ғайыпов пен кеңес мүшелері бастаған арнайы топ елордадағы әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарын аралады. Мұндағы мақсат – қала билігі тарапынан аталған салаға қандай көмек көрсетіліп жатқанын сараптау болып отыр.



Ержан ҚОЖАС

Кеңес мүшелері алдымен «Нирвана» жеке кәсіпкерлігінің жиһаз шығаратын цехына аялдады. Мұнда үй бөлмелері мен асханаға, сондай-ақ кафе мен мейманханаға арналған үстелдер жиынтығы дайындалады. Ал екінші нысан – «GreenTAL» әлеуметтік жобасы 2015 жылы құрылған. Оның басты міндеті – әлеуметік осал топтарға жататын азаматтарды оқыту және жұмысқа орналастыру. Яғни белгілі бір кәсіпке баулып (тігін, жиһаз жасау, баспа ісі) үйретіп отыр.

Ал «Qadam special school» балаларды түзету және оңалту орталығында 40-қа жуық бала сауықтыру шараларын алуда. Әрі мұнда 25 арнайы қызметкер бар. Орталық спорттық және академиялық бағытта жұмыс істейді. Дұрысы, аутизмге шалдыққан 16 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер денсаулығымен педагогтар мен тренерлер тұрақты айналысып келеді.

«Біз әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарымен танысу үшін төрт нысанда болдық. Бұл мониторингтің мақсаты біреу-ақ. Қазір Астана қаласы әкімдігі әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуда көптеген қолдау жұмыстарын жүргізуде. Екіншіден, біз барған барлық кәсіпкерлік нысандары аз қамтылған отбасы мүшелері мен мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа қабылдау сияқты жобалары бар. Бірақ біз әлі де осы салаға қолдауды көрсете беруге тиіспіз. Мысалы, осы уақыттары 5 млн теңгеге дейін грант мәселесі шешіліп келді. Алдағы уақытта бұл қаржыны ұлғайту жөнінде кәсіпкерлер тарапынан ұсыныстар айтылды. Бұл мәселенің кеңесте талқылап, келешекте оң жағына шешу жолдарын қарастырамыз. Бұған Астана қаласы бюджетінің мүмкіндігі жеткілікті деп ойлаймын» дейді Қоғамдық кеңес төрағасы Зұлфұхар Ғайыпов.

Төрағаның сөзінше, әлеуметтік кәсіпкерлердің бизнес жобалары өте ерекше. Әрі бір-біріне ұқсамайды. Тек қолдауды үзбеу керек.

«Біздің әлеуметтік инновациялық хаб орталығымыз Орталық Азияда жоқ жоба екенін айтқым келеді. Мұнда тек ерекше жандарға арналған дүкен, әлеуметтік кафе, арнайы тренинг өткізетін зал, коворкинг, контент-студия ашылады. Бұйырса, тамыз айында ашылу салтанаты өтеді. Әлеуметтік сала бойынша кәсіпкерлікті дамытуға қолдау білдірген әкімдік мамандарына алғысым шексіз» дейді әлеуметтік кәсіпкер Эмин Аскеров.

№78-79 (4823) 05/07/2025 Сенбі

ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Елордада Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай жарияланған байқаудың жеңімпаздары марапатталды.



Астана қаласының Коммуникациялар қызметі қала әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырған байқау елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуын, қоғамдық өмірін кеңінен насихаттап жүрген журналистер мен медиасала мамандарын қолдауға бағытталған.

Марапаттау рәсімі 4 шілде күні сағат 15:00-де Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның ғимаратында өтті.

Конкурсқа газет, телерадио, интернет-портал тілшілерімен қатар, әлеуметтік желі белсенділері де қатысты. Байқау аясында 7 номинация бойынша үздіктер анықталды.

Атап айтқанда: - «Үздік журналист-сарапшы» – 1-орын – Алина Шашкина (Tengrinews.kz), 2-орын – Айгүл Уайс («Астана ақшамы»), 3-орын – Бахитшат Супиев (Республикалық «Ұйғыр авази» газеті); - «Үздік шолушы» – 1-орын – Қуаныш Нұрданбекұлы (Egemen.kz), 2-орын – Болатбек Төлепберген (dalanews), 3-орын – Айгерім Түкешева (kz.kursiv.media); - «Үздік радиорепортаж» – 1-орын – Азамат Тілепов («Қазақ радиосы»), 2-орын – Алина Грэй («Жібек Жолы» радиосы), 3-орын – Бағдагүл Рахметқызы («Қазақ радиосы»); - «Үздік телесюжет» – 1-орын – Ақниет Балтанова («Qazaqstan» телеарнасы), 2-орын – Ержан Өтепқалиев («Atameken Business»), 3-орын – Әли Әлішер (24 KZ); - «Үздік мобилограф» – 1-орын – Ербол Теңелбаев; 2-орын – Мағжан Тоқтыбай; - «Үздік фоторепортаж» – 1-орын – Ольга Ибраева (belles media), 2-орын – Толқын Сұлтан («JAS TEEN» балалар мен жасөспірімдер арнасы), 3-орын – Екатерина Елисеева (Zakon.kz)

«Жұмысшы мамандықтар жылы» арнайы номинациясы – 1-орын – Лаура Түсіпбекова («Казахстанская правда»), 2-орын – Әлімжан Исабай, 3-орын – Сабина Кәкімжан (Elordainfo.kz), 3-орын – Құралай Мұратова («Вечерняя Астана»).

Номинациялар бойынша жеңімпаздарды саланың беделді өкілдері, медиа сарапшылар мен тәжірибелі журналистерден құралған байқау комиссиясы анықтады.

Байқау жеңімпаздарына сертификаттар табысталады. Бірінші орын иегеріне – 1 000 000 теңге, екінші орын иегеріне – 700 000 теңге, ал үшінші орын иегеріне 500 000 теңге жүлде қоры тағайындалған.



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАНАШЫРЛАРЫ

Астанада елорда күні қарсаңында және «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында журналистер мен блогерлер арасында ұйымдастырылған «Таза Қазақстан – Таза Астана» байқауының қорытындысы шығып, жеңімпаздар марапатталды. 15 мамыр мен 30 маусым аралығында өткізілген байқауға 118 журналист, блогер және шығармашылық тұлғалар қатысып, 130-дан астам материал ұсынылған.



Салтанатты жиында «Астана Тазалық» ЖШС бас директоры Замир Сағынов сөз сөйлеп, ел Президенті жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылының» маңызын атап өтті.

Биылғы байқауға қатысушылар саны өткен жылмен салыстырғанда екі есе артқан. Бұл қоғамда экологиялық мәдениет тақырыбының өзектілігі жоғары екенін және бұқаралық ақпарат құралдарының оған белсенді түрде үн қосқанын аңғартады.

Қазылар алқасының құрамында ақпарат саласының танымал өкілдері болды. Комиссия төрағасы Мұхит Ықылас бастаған қазылар авторлардың еңбегін тақырыптың өзектілігі мен қоғамдық маңыздылығына, материалдың тереңдігі мен шынайылығына, жазу стилі мен құрылымының сапасына, авторлық көзқарас пен шығармашылық ерекшелігі сияқты критерийлер бойынша бағалады.

Осы байқауға «Elorda aqparat» медиахолдингінің журналистері де атсалысып, жүлделі орындарды жеңіп алды. Атап айтсақ, «Баспа басылымындағы үздік мақала» номинациясы бойынша «Астана ақшамы» басылымының тілшісі Ержан Қожас жүлделі I орынға ие болса, Elorda info желілік басылымының тілшісі Салтанат Мұратқызы «Интернет басылымдағы үздік жарияланым» номинациясы бойынша II орынды иеленді. Ал «Вечерняя Астана» газетінің тілшісі Екатерина Тыщенко «Астана Тазалық» компаниясының бас директоры атынан арнайы сыйлыққа ие болды.

Айта кетейік, «Астана Тазалық» ЖШС бұл байқауды жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіп, экология, еңбек адамы және қаланың көркеюіне үлес қосып жүрген журналистердің шығармашылығын қолдауға мүдделі.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді елорда күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Астана – тәуелсіз және қарқынды дамып келе жатқан Қазақстанның символы.

Мұнда ірі бастамалар жарық көріп, маңызды мемлекеттік жобалар жүзеге асып, басқарудың заманауи қадамы қалыптасуда. Бұл қала – жаңа уақыттың ашық, жасампаз және келешекке бейімделген рухының көрінісі.

Біздің әрбіріміз елорданың дамуына еңбегімізбен, бастамаларымызбен және туған қалаға қамқорлығымызбен өз үлесімізді қосудамыз. Бірлескен еңбектің арқасында Астана өмірдің, жұмыстың және шығармашылықтың барынша жайлы, қауіпсіз, заманауи және шабыт беретін алаңына айналуда.

Біздің қаламыз қарқынды түрде өзгеруде – көлік және инженерлік инфрақұрылым дамып, аулалар, саябақтар және қоғамдық кеңістіктер абаттандырылуда. Мұның бәрі – жүйелі, мақсатты жұмыстардың және біздің әрбіріміздің қосқан үлесіміздің нәтижесі.

Осы мереке күні сіздерге мықты денсаулық, береке, бейбітшілік және жаңа жетістіктер тілеймін. Астана гүлдене берсін, біздерге шабыт беріп, ынтымағымызды арттыра бергей!

Құрметпен,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы
Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН

Құрметті астаналықтар !
Ардақты елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді еліміздің жүрегі – Астана мерекесімен, елорда күнімен шын жүректен құттықтаймын !

Елордамыз – Тәуелсіздігіміздің символы, жаңару мен дамудың жарқын үлгісі. Бұл күн – барша қазақстандықтар үшін ерекше мақтаныш пен рухтың мерекесі. Бүгінгі Астана – еліміздің жетістіктерінің айғағы. Біз, ардагерлер, жас ұрпақтың ел болашағы үшін еңбек етіп, туған жерге деген сүйіспеншілікпен өмір сүргенін қалаймыз.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, Отанымыз – Қазақстанның өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Мереке құтты болсын!

С.ЕСІЛОВ,
«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Астана қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді еліміздің жүрегі – елордамыз Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Астана – тәуелсіздігіміздің нышаны, жарқын болашағымыздың айғағы. Елорданың дамуы – Қазақстанның дамуымен тығыз байланысты. Астана – заманауи архитектурасы мен қайталанбас келбеті арқылы әлем назарын өзіне аударған, еліміздің мақтанышына айналған әсем қала.

Осы мерекелі күні баршаңызға зор денсаулық, бейбіт өмір, бақ-береке тілеймін! Елордамыз одан әрі гүлденіп, халқымыздың ынтымағы мен бірлігі нығая берсін! Астана күні құтты болсын!

Зұлфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

САЯБАҚ ПЕН СТЕЛЛА АШЫЛДЫ

Кеше Байқоңыр ауданында коммуналдық қызмет саласы жұмысшыларына ерекше құрмет көрсетілді. Астана күні мерекесі қарсаңында Абай даңғылының бойындағы саябақта елорданың коммуналдық қызмет саласы жұмысшыларының құрметіне «Коммуналдық қызметкерлер» саябағы және стелла салтанатты түрде ашылды. Жиынға Астана қаласы мәслихатының басшылығы, Байқоңыр ауданының әкімі, қоғам қайраткерлері, белсенді жастар мен аудан тұрғындары қатысты.

«Елорда күні қарсаңында қала әкімдігі және Байқоңыр ауданы әкімдігінің ұйытқы болуымен Абай даңғылы бойында коммуналдық қызметкерлерінің құрметіне кеңістік ашылды. Бұл құрмет биыл жұмысшы мамандықтары жылы аясында барша коммуналдық салада еңбек етіп жатқан жұмысшыларға деген алғыс пен тағзым» деді Астана қалалық мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден қоғамдық кеңістіктің ашылуына арналған іс-шарада.

Одан бөлек, кеңістік аумағында стелла қойылды. «Стелла қамысқа ұқсайды, өздеріңіз білесіздер, Ақмола облысының аумағы қамысты, қазір Астана қаласы көркейген, бұрын Ақмола кезінде бұл жерде қамыс өскен, мына жерде Ақбұлақ, арғы жағында Есіл өзені ағып жатыр. Стелла да қамыс және судың тамшылары бейнеленген» деп түсіндірді мәслихат төрағасы.

«Көгалдандыру жұмысына келсек, гүлзар аумағында көлемі 6 000 шаршы метрді құрайтын жаңа көгал төселіп, суаруды толық автоматтандыруға мүмкіндік беретін жергілікті суару жүйесі іске қосылды. Жүйе 20 000 шаршы метр жасыл алқапты қамтиды. Сондай-ақ ағаштардың эстетикалық келбеті мен өсуіне жағдай жасау мақсатында 210 штамбы көтерілді» деп мәлімдеді салтанатты жиында Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді.

№78-79 (4823) 05/07/2025 Сенбі

ЕҢСЕСІ БИІК ЕЛОРДА

Қарқынды дамып келе жатқан елорда Астана күніне жылдағыдай толағай табыспен жетті. Қазақстан астанасындағы халық саны 2035 жылға қарай 2,5 миллионға жетеді деп болжануда. 2025 жылғы 1 мамырға Астана қаласындағы халық саны 1558501 адамды құрады. Сондықтан алдағы он жылда әлеуметтік нысандар екі есе артады. Көші-қон қарқынына қарай тұрғын үйлер де көбейеді. Биыл жаңа оқу жылында үш ауысымды мектеп мәселесі түбегейлі шешіледі.



Сұлтан СЕЙІТ

Райхан РАХМЕТОВА

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР – БАСТЫ НАЗАРДА

Былтыр үкімет қаланың бас жоспарын бекітті. Он жылдан кейін Астанада 2 жарым млн адам тұратын болса, ең алдымен инженерлік инфрақұрылымды дамытып, әлеуметтік мәселелерді шешу керек.

– Біз әлеуметтік нысандардың құрылысына ерекше назар аударамыз. Олар – мектептер, балабақшалар, оқушылар сарайлары, медициналық мекемелер және т.б. нысандар. Елордада 2017 жылдан бастап мемлекеттік балабақшалардың құрылысы тоқтап қалды. Біз оны қайта жандандырдық. Көптеген жүйелі жұмыстар жүргіздік: алғашқы жер телімдерін белгіледік, инженерлік желілерді, басқа да қажетті инфрақұрылымдарды дайындадық. Өткен жылы қалада үш ауысымды 8 мектеп болған. Тіпті екі ауысымды мектептердің өзінде әр сыныпта балалар тым көп еді. Сол үш ауысымды мектептердің бесеуін жойдық. Жоспар бойынша биыл үш ауысымды мектеп мүлдем болмайды. Алдағы 5 жылда оқу орындарын 30-40 пайыз көбейтеміз деп жоспарлап отырмыз. Ондай мүмкіндік бар. Ең бастысы, маман керек. Былтыр 24 мектеп іске қосылды. Биыл 15 мектеп беріледі. Әрі қарай да осы қарқын сақталады. Мектептерге ұжым табу, педагогтарды дайындау – ол бір мәселе. Сондықтан Президенттің тапсырмасы аясында педагогтарды дайындау бойынша факультеттер ашылып жатыр, – дейді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

Биыл қалада 11 балабақшаны пайдалануға беру жоспарлануда. Олар – жергілікті бюджет есебінен 1500 орындық 5 балабақша, жеке инвестиция есебінен 1094 орындық 4 балабақша, тұрғын үйлердің бірінші қабатында 185 орынға есептелген балабақша, сондай-ақ 120 орындық жаңғыртылған ғимарат. Аталған балабақшаларда 2899 орын ашылады.



Осылайша елорда әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға баса назар аудара отырып, дамытылып жатыр. Бұған дейін қалада бірқатар газ жылыту, ауыз су стансалары салынды. Қазіргі таңда «Арай» электрлі қосалқы стансасы, «Тельман» ГЖС, кәріз желілері салынуда. Қаладағы су тапшылығына қатысты бірнеше шешім қабылданып, бұл мәселе алдағы 5-6 жылға шешілді. Қазір Астанада судан тапшылық жоқ, керісінше профицит бар. Енді үкімет, экология министрлігі қосылып үлкен жобаны бастауда. Қ.Сәтбаев атындағы Ертіс-Қарағанды каналынан су қорын қалаға тарту және Астанада жаңа сорғы стансасын салу жоспарлануда. Ол жоба алдағы 3-4 жылда іске қосылады.

КЕПТЕЛІС МӘСЕЛЕСІ ТИІМДІ ШЕШІЛЕДІ

Астанадағы өзекті мәселелердің бірі – кептеліс. Оның шешу жолдарын да әкімдік қарастырып қойған.

– Бір көпірді 2023 жылы бітірдік. Тағы 2 көпір жобаланып жатыр және бұл мәселені шешу үшін болашақта 2-3 қабатты автомобильдер өтетін қиылыс пайда болады. Үлкен қалаларда мәселе осылай шешіледі. Автобустар жетіспеушілігі бар екенін растаймыз. Соңғы 2 жылдың ішінде 700-дей жаңа автобус әкелінді. Бұл жұмыс жалғасады. Қосымша 500-700 автобус керек. Мәселені екі жылда ретке келтіреміз деп жобалап отырмыз, – деді әкім.

Елорда келбеті мен кептеліс мәселесін шешуде маңызды жоба ЛРТ бойынша құрылыс жұмыстары 2-3 айдың ішінде толығымен аяқталады. Алғашқы пойыздар келді. Жоспар бойынша күздің басында тестілік режим басталады, ол 3-6 айға дейін созылады. Бәрі дұрыс болса келесі жылдың басында ЛРТ толығымен пайдалануға беріледі. Былтыр қалада 4 млн 500 мың шаршы метр тұрғын үй салынды. 2025 жылғы қаңтар-мамырда пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 5,6% көбейді. Бұл ретте пайдалануға берілген жеке тұрғын үйлердің жалпы алаңы 9,4% артты.

БЫЛТЫР ҚАЛАДА 4 МЛН 500 МЫҢ ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНДЫ. 2025 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-МАМЫРДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙ-ЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ АЛАҢЫ 5,6% КӨБЕЙДІ



АБАТТАНҒАН АСТАНА

Елорда «Адамдарға арналған қала» тұжырымдамасы аясында дамытылуда. Жақында Мемлекет басшысына елорданы көгалдандыру және абаттандыру жоспары таныстырылғанда Жеңіс Қасымбек биыл Астана қаласында 1 миллионнан астам түп жасыл желек егу жоспарланғанын айтты. Сонымен қатар 180-нен аса қоғамдық кеңістік пен ауланы абаттандыру көзделіп отырғанын жеткізді. Аталған жұмыстар шаһардың тарихи көшелерінде, Президент саябағында, Үкімет үйінің айналасында, Есіл өзенінің жағалауында, «Мыңжылдық» аллеясында, Триатлон паркінде, Greenline бульварында, Желілік саябақта, вокзал маңы мен Иллюзия паркінде, Сығанақ, Ш.Қалдаяқов, Гете, Біржан сал және басқа да көшелердің бойында жүргізіледі. Сондай-ақ Ақбұлақ өзенінің арнасын тазалау жалғасады. Астанада ағаштарды құжаттандыру және цифрландыру арқылы есепке алу шаралары қолға алынады. Қала тұрғындары QR кодтың көмегімен ағаш туралы ақпарат алып, оған қатысты мәселе туындаса тиісті органдарға хабарлау мүмкіндігіне ие болады.

– Абаттандыру барысында қаланы көгалдандыруға ерекше көңіл бөлеміз. Биыл да бір миллионнан астам жасыл желек (ірі ағаштар, көшеттер, бұталар және т.б.) отырғызуды жоспарлап отырмыз. Мысалы, ағаштар Момышұлы, Жұмабаев даңғылдарының, Айнакөл, Тәшенев көшелерінің бойына отырғызылды. Тілендиев даңғылында Көктал көшесінен бастап Астрахан тасжолындағы көпірге дейінгі аралықта, Бейбарыс Сұлтан, Нұрмағамбетов көшелерінде және Ұлы дала даңғылында жолақтардың бөлгіш тұсын көгалдандыру жүріп жатыр. Байқоңыр ауданында бос жатқан аумақтың орнына жаңа гүлзар ашылды. Ол Жұбанов көшесінде – Тархан және Пушкин көшелерінің арасындағы аумақты қамтиды. Абаттандыру аясында ауқымды көгалдандыру жүргізіледі, көпжылдық бұталар мен ірі ағаштар отырғызылады. Сонымен қатар бірыңғай стильде орындықтар, үстелдер, қоқыс жәшіктері секілді көше жиһаздарын орнату жоспарланып отыр. Бұдан бөлек автотұрақ алаңын салу да көзделіп отыр. Сол сияқты биыл елорданың маңызды тарихи даңғылдарының бірі – Абай даңғылы жаңартылады. Абай даңғылының Республика даңғылынан бастап Уәлиханов көшесіне дейінгі аралығы толықтай екі жағынан абаттандырылады. Абаттандырылатын аумақтың жалпы көлемі 1,1 гектарды құрайды, – деді әкім.

Бұған қоса LRT бағыты бойында орналасқан көшелерде абаттандыру, құрылыс және көгалдандыру жұмысы жүріп жатыр. Атап айтқанда, Сығанақ көшесі мен Қабанбай батыр даңғылында 7500 ірі ағаш отырғызылып, эстакада астында жайлы қоғамдық кеңістіктер ашылады. Қабанбай батыр даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейінгі аралықта абаттандырылған аймақ пайда болады. Сондай-ақ қаланың көгалдандырылған аймақтарын абаттандыру жұмысы жалғасады. Нақтырақ айтқанда, «Хан Шатыр» сауда орталығының артында Greenline жаяу жүргіншілер желекжолының жалғасын салу жоспарлануда. Оның алғашқы бөлігі Күлтегін көшесінен бастап Әнет баба көшесіне дейінгі аралығында орналасып, демалыс пен серуендеуге қолайлы жасыл кеңістік қалыптасады. Сонымен қатар Ботаникалық бақ, «Нұржол» желекжолы, Орталық саябақтағы аллея, «Көктал» саябағы және басқа да орындарда қосымша көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі.





№78-79 (4823) 05/07/2025 Сенбі







ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ҚҰТТЫ ОРДА

Арқа төсінде бой көтерген әсем Астана биыл 27 жасқа толып отыр. Әр жыл сайын 6 шілде күні барша қазақстандықтар бас қала мерекесін кең көлемде атап өтеді. Тарих көзімен қарағанда, бұл әрине, көп уақыт емес. Алайда осы жылдар ішінде қыруар жұмыс атқарылды. Астана тек Орта Азияға ғана емес, бүкіл әлемге танылып, шығыс пен батыстың айшықтарын бойына қатар сіңіріп, үйлесімді ұштастырған Еуразия кіндігіндегі ең белсенді орталыққа, мәдениет пен инновацияның, білім мен толеранттылықтың ордасына айналды.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

БАС ҚАЛА ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ?

Қаланың қалыптасуы оңай болған жоқ. Өткенге көз жүгіртсек, тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстан жұртшылығы аз қиыншылық көрмеді. Кеңес Одағы ыдырап, мемлекетте зейнетақыға, мұғалімдер мен дәрігерлерге жалақы ретінде төлейтін ақша қалмаған, милицияның өзіне жалақы бірнеше айға дейін кешігіп жататын кездерде елдегі экономикалық қиыншылықтарға қарамастан Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Алатаудың баурайындағы ел астанасын Алматыдан басқа өңірге, оның ішінде орталыққа көшіру туралы мәселе көтерді.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, ел астанасын оңтүстіктен орталыққа қарай көшіру мәселесі көтеріліп, тарихи маңызы бар мәселе кеңінен талқыланды. Сол тұстағы Мемлекет басшысының тапсырмасымен елдің жаңа астанасын орналастыруға оңтайлы қаланы анықтау мақсатында республиканың бүкіл аумағы мұқият зерттелді. Елорданы ауыстыру 32 принциппен сарапталып, ақыры талдау қорытындылары барлық нұсқаның ішінен ең қолайлысы тоғыз жолдың торабы ғана емес, еліміздің дәл ортасында орналасқан географиялық мекен Ақмола қаласы екенін көрсетті. Соның арқасында 1994 жылғы 6 шілде күні Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешім қабылдады.

1997 жылы 20 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы шықты. Содан екі апта өткеннен кейін, яғни 8 қарашада астана атанған Ақмолаға Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер эталондары мен Президент байрағы салтанатты жағдайда жеткізілді. Орталық мемлекеттік органдардың Ақмолаға ресми көшуі сол жылғы 10 желтоқсанда басталды. Көп кешікпей, 1998 жылы Ақмола қаласының аты ресми түрде Астана болып өзгертілді. Елорда мәртебесіне ие болған қала осы уақыттан бастап туған күнін атап өтуді игі дәстүрге айналдырды. Жеті жыл қатарынан бұл мереке 10 маусым күні тойланып келді. Уақыт өткен сайын Астана күнінің маңыздылығы артып, ол тек елордалықтар ғана емес, бүкіл қазақстандықтардың асыға күтетін мерекесіне айналды. Сол себепті, 2006 жылы Астана қаласы әкімдігінің қаулысына сәйкес және қалалық мәслихаттың шешімімен мерекеге Астана күні ресми атауы беріліп, ал оны атап өту алғашқы ресми шешім қабылданған күн – 6 шілдеге бекітілді. 2008 жылы «Қазақстан Республикасының мерекелер туралы заңына» енгізілген өзгерістерге сәйкес, 6 шілде – Астана күні мемлекеттік мерекелер тізіміне енді. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгерді.

Міне, содан бергі кезеңде Алаш жұртының ару Астанасы төрткүл дүние тамсанатын, әлемнің атақты астаналарымен салтанат жарыстырып, бой таластыра алатын бас қаласы ретінде қалыптасты. Тәуелсіз Қазақстанның елордасы жұмыр жерді толғандырған тақырыптар талқыланатын, салиқалы саясат, тұрғырлы экономика, дінаралық келісім кеңестері өтетін жаһандық орталық дәрежесіне жетті.

АСТАНА АТАУЫ ҚАНША РЕТ ӨЗГЕРДІ?

Бас қала атауы 1830 жылы Есіл өзенінің жағасындағы Қараөткел шатқалында орыс әскерлері негізін қалаған бекіністен бастау алады. 1832 жылы 22 тамызда Ақмола сыртқы округі ресми түрде ашылды. 1862 жылы Ақмола бекінісі мен казак станицасы округтік қала мәртебесін алды. 1868 жылы 21 қазанда «Далалық облыстарды басқару туралы уақытша ережеге» сәйкес орталығы Омбы болған Ақмола облысы құрылды. Уақыт өте келе облыс орталығын Омбыдан Ақмолаға көшіреміз деп ойлаған үкімет қаланы Ақмола деп атап кетті.

1960 жылы желтоқсанда қала тың өлкесінің орталығы болды, ал 1961 жылы қаланың аты Целиноград болып өзгертілді. Тұрғындарының саны тез өсті. Сол жылы қаланың тұрғын үй қоры 115 мың адамға шаққанда 600 мың шаршы метрге жетті. Жарты жыл ішінде құрылысшылар 650 пәтер мен 4 бесқабатты мектеп үйін пайдалануға берді. Бір жылда тұрғын үй қоры 115 000 шаршы метрге өсті. Тек 1992 жылғы 6 шілдеде қалаға оның «Ақмола» деген тарихи атауы қайтарылды.

1998 жылы 6 мамырда Президент Жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді. Сол жылдары елорда атауына қатысты түрлі ұсыныстар айтылған еді.

2019 жылы 20 наурызда Қазақстанның екінші Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен ел астанасы республиканың тұңғыш президентінің құрметіне Нұр-Сұлтан деп өзгертілді.

2022 жылы 17 қыркүйекте Президент Жарлығымен Астана атауы қайтарылды.

ЕЛОРДАДАҒЫ ЕҢСЕЛІ ҒИМАРАТТАР

Астанада аспанмен таласқан ғажайып ғимараттар көп. Сәулетшінің қиялы мен құрылысшының қолынан шыққан туындылар жаңа қаланың сәніне айналды. Мәртебесі астанаға ауысқаннан кейін қалада мәдениет ошақтарының саны арта түсті. Астанаға 1 жыл толғанда, яғни 1999 жылы қалада халықаралық білім стандартына сай «Мирас» халықаралық мектебінің алғашқы іргетасы қаланды.

2000 жылы Астананың жаңа әкімшілік орталығын құру жұмыстары басталып, ол жерде Президент резиденциясы «Ақорда», оның жанында Мәжіліс пен Сенаттың, Үкіметтің, Президент әкімшілігінің және Министрліктер үйінің биік ғимараттары орналасты. 2001 жылғы 9 мамырда «Отан қорғаушылар» ескерткіші ашылды. Сол кезден бастап, жыл сайын, осы жерде Жеңіс күніне орайластырылған іс-шаралар өткізіледі.

2002 жылы Астананың Алматыдан Ақмолаға көшірілуінің символы ретінде «Бәйтерек» монументі тұрғызылды. 2003 жылы «Жастар» драма театры құрылды. 2018 жылы Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры, 2020 жылы Музыкалық жас көрермен театры ашылды. Сол жылы Ішкі істер министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігінің әкімшілік ғимараттары салынды. 2004 жылы Президент резиденциясы – «Ақорда» ашылып, 2005 жылы барлық дерлік мемлекеттік аппарат Астананың жаңа әкімшілік орталығына көшірілді. 2006 жылы тұрғызылған Бейбітшілік және келісім сарайы түрлі діндер, ұлыстар мен мәдениеттер бірлігінің, халық пен мемлекет ашықтығының символына айналды. 2008 жылғы 6 шілдеде «Қазақ елі» монументі, 2008 жылғы 15 желтоқсанда «Тәуелсіздік сарайы» бой көтерді. 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп, Астана Саммиті ұйымдастырылды. Сол жылы «Қазақ елі» монументі мен Тәуелсіздік сарайының жанынан «Шабыт» шығармашылық сарайы салынды. Онда Қазақ ұлттық өнер университеті орналасқан. Сол жылы Астананың кезекті туған күнінде «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы мен «Қазақстан» орталық концерт залы ашылды. Бұл алдыңғы қатарлы технологиялармен жабдықталған, бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған алғашқы астаналық кешен болды.

2011 жылдың қаңтар-ақпан айларында Қазақстанда алғаш рет VII қысқы Азия ойындары өтті. Сол жылы желтоқсанда Оқушылар сарайы ашылды. Осы жылы 10 желтоқсанда «Қазмедиа орталығы» медиа орталығы бой көтерді. 2012 жылғы 6 шілдеде елорданың бірегей нысандарының санын көбейткен «Хазірет Сұлтан» мешіті пайдалануға беріліп, 2013 жылғы 21 маусымда «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, 2014 жылғы 2 шілдеде Ұлттық музей ашылды. 2016 жылдың соңында Астананың балет труппасының жеке ғимараты пайда болды. 2017 жылдың көктемінде жаңа форматтағы MEGA SilkWay сауда-ойын-сауық орталығы бой көтерді. Сол жылы 1 маусымда «Нұрлы жол» жаңа теміржол вокзалы алғашқы жолаушыларын қабылдады. 9 маусымда жылдың ең маңызды оқиғасы ЭКСПО-2017 көрмесінің ашылу салтанаты болды.

Қаланың ең биік ғимараттарына – Қазақстан теміржолы, Көлік және коммуникация министрлігі, «Изумрудный квартал» ғимараттары, «Солтүстік шұғыла» – үш биік ғимаратты тұрғын үй кешені, «Астана заңғары» – биік тұрғын үй кешені, «Думан» ойын-сауық орталығы жатады. Бұл қатарда құрылысы 2009 жылдан бері созылып, 2019 жылы ашылған «Абу Даби Плаза» көпфункционалды кешені де бар. Биіктігі 382 метрлік кешен қазіргі таңда Астанадағы ең биік мұнаралы нысан саналады. Сәулеті ерекше ғимараттар қатарын «Керуен» ойын-сауық орталығы, жаңа спорттық нысандар арасында 30 мың көрерменге арналған «Астана-Арена» жабық стадионы, 2011 жылы әлемде үздік деп танылған, 10 мың орынға арналған «Сарыарқа» бірегей велотрегі мен ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін «Алау» мұз айдыны да толықтырады.

Бас қалада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері, Астана экономикалық форумы және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар тұрақты түрде өтіп келеді. Былтыр шілде айында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті ел өміріндегі елеулі оқиға болса, қыркүйектегі Дүниежүзілік Көшпенділер ойыны, биыл 29-30 мамырда болған әлемдік көшбастышылар, сарапшылар мен бизнес өкілдерін біріктіріп, жаһандық сын-қатерлерге қарсы тұруда көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды халықаралық форум (AIF) мен маусым айында Тәуелсіздік сарайында болған «Орталық Азия – Қытай» екінші саммиті де елорданың мәртебесін әлемдік аренада асқақтата түскені ақиқат. Осылайша Астана халықаралық маңызы бар түрлі форумдар, конгрестер мен өзге де іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің орталығына айналды.



№78-79 (4823) 05/07/2025 Сенбі



Тентекгүл БАЙАХМЕТҚЫЗЫ,
«Астана-Зеленстрой» ЖШС гүл өсірушісі:

АСТАНА – ЕҢ СҰЛУ ҚАЛА


«Елордамыз уақыт өткен сайын көркейе түсуде. Әсіресе, көктем мен жаз мезгілінде жасыл мекенге айналып, қаланың сәулетті ғимараттарымен бірге үйлескен тал-дарақтар, гүл көшеттері тұрғындарға ерекше қуаныш сыйлауда.

Мен екі жылдан бері «Астана-Зеленстрой» серіктестігінде жұмыс істеп келемін. Көп жағдайдағы міндетім – саябақтар мен жаяу жүргіншілер жолы бойындағы гүл көшеттеріне күтім жасау. Таңмен таласа тұрып, әр гүлдің бабын жасау оңай емес. Мысалы, мамыр айынан бері өз әріптестерімізбен бірге осы «Нұржол» бульварындағы егілген гүлдердің дұрыс өсуіне жауаптымыз. Яғни күнделікті «Бәйтерек» кешені мен Ақорда арасындағы көгалдандыру-көркейту жұмысын тоқтатпаймыз. Әр гүлдің түбін қопсытып, түптеп, суарып, арамшөптерден тазартып отырамыз. Бұл жұмыс қазан айына дейін тоқтамай жалғасады.

Бір қарасаңыз, гүлдерді отырғызу жағында нағыз ұлттық ерекшелікті байқайсыз. Көбіне-көп қазақы ою-өрнектердің сызбасын пайдаланып, әр түстегі гүлдерді отырғызамыз. Бұл астаналықтарды ғана емес, шетелдік туристерді де таң қалдырып жүр.

Астана күні қарсаңында біздің қалаға қонақ көп келеді. Мұндай жағдайда елорда тазалығы, әлбетте, бірінші орында тұруы тиіс. Сондай-ақ әр саябақ, қоғамдық орындардағы көгалдандыру жұмыстары да бірінші көзге түседі. Сол үшін әріптестерімізбен бірге өз қаламыздың әсем де көрікті болуына еңбек сіңіріп келеміз. Расында да Астанамыз ең сұлу да көрікті қала екені рас. Әрі солай болып қала береді.

Астана күні құтты болсын! Алып шаһардың дамуы алға бассын деймін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының терең саясатымен елімізде көптеген жақсы жаңалықтар көбейді. Лайым, сол тұғырлы жолымыздан таймалық! Ең бастысы, халқымызға бейбітшілік, перзенттерімізге амандық тіледім. Туған күнің құтты болсын, елордам!»





Сұлтан СЕЙІТ

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ТӨРІ

Бүгінде ерке Есілдің жағасынан керегесі көкжиектей кең, терезесі төрт құбыламен тең ұлтымыздың дидарына, халқымыздың мерейіне айналған Астана – мәңгілік елдің маржан қаласындай өркен жайып келеді. Ұлт мақтанышына айналған елордамыз – жасару мен жаңғыру жолындағы жасампаз ұлтымыздың жаңа дәуірдегі жаңа келбеті болғаны дәуір шындығы. Өйткені қазіргі таңда төрткүл дүние көз тіккен Астана шаһары әлемдік саясат пен халықаралық экономикалық байланыстың, ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімнің, бейбітшілік пен береке-бірліктің қаласына және жоғары технологиялар мен инновациялық идеялардың лабораториясына айналғаны көпке аян. Елдігіміздің тұмарын таққан бас қаламыз – кешегі ат үстінен түспеген ата-бабаларымыздың ақиқатқа айналған армандарының жарқын көрінісі және тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктеріміздің айқын символы.



Астана қаласының мәні мен мәртебесі жайлы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Елорданың жылнамасы Тәуелсіз Қазақстанның шежіресімен тығыз астасып жатыр. Шын мәнінде, астананы көшіру геосаяси тұрғыдан өте дұрыс қадам болды. Бұл – халқымыздың болашақ тағдырын айқындаған аса маңызды және дер кезінде қабылданған тарихи шешім» деген ордалы ойынан, Отанымыздың жүрегіне айналған Астанамыздың бүгінде ұлт Тәуелсіздігімен ажырамас егіз ұғымға айналғанын анық көруге болады. Өйткені Астана – жаңа дәуірдің үні жеткен дауысы, ғасырдың қаласы! Ол – ұзақ жылдар Қазақстанның саяси, мәдени және тарихи орталығы болып жайқалған ару Алматы қаласы мен бар қазақтың қуанышын бірінші болып мұзарт шыңдарынан сүйінші хабарын жеткізетін ақбас Алатаудың ақ батасын алып, қоңыраулы көшінің бетін самалы ескен, боз жусаны омыраулап өскен Сарыарқаның сауырына бұрған қала және бар қазақтың ізі мен сүйіспеншілігі қалған Сарайшық пен Орынбордың, Қызылорда мен Алматы сынды астаналардың бай дәстүрлерін жалғап, отын сөндірмеген қала. Мысалы, жаһан жанары ауған Париж Эйфель мұнарасымен әсем болса, Лондон Биг-Бенімен мақтанса, Москва Кремлімен көркем көрінсе, біздің Астанамыз – Бәйтерегімен биік, Ақ Ордасымен сұлу! Сонымен қатар, зау-заңғар бас қаламыз – ЮНЕСКО-ның шешімімен «Бейбітшілік қаласы» мәртебесіне ие болған Орта Азиядағы жалғыз қала! Кешегі 300 мыңның төңірегінде ғана халқы бар Целиноград, Ақмола қалаларынан эстафетасын алған Астана тұрғындары – бүгінде 1,5 миллионнан асып жығылып, 2 миллионды мақсат тұтқан өскелең ұрпақтың, жастардың қаласы. Жылына жүз мыңға жуық сәби дүние есігін ашатын жас бөбектердің кіндік қаны тамған жауһар қала! Сондай-ақ ардагерін ардақтап, ақ жаулықты аналарын құрметтеген ізгілігі мен мейірімі көпке ортақ өнегелі қала!

Мұнда бірнеше заманауи білім стандарттары негізіндегі жоғары және арнаулы оқу орындары, жалпы білім беретін мектептер еліміздің келешегі, ұлтымыздың болашағы жастар үшін есіктерін айқара ашып отыр. Яғни, Астана қазіргі таңда оқушылар мен студенттер қаласы атанды. Осылайша елордамыз жастардың ұлттық рухын оятқан, олардың бойына отансүйгіштік пен білім мен ғылымға деген құмарлық сіңірген асыл қала биігіне көтеріліп отыр.

Тағы бір көңілге қонымды жағдай, ол бас қаламыздың көшелерінен, әсіресе сол жағалаудағы көшелеріндегі тұнып тұрған қазақи атаулардан ұлттық қасиеттерді айқын аңғаруға болады. Және жергілікті тұрғындар мен қала қонақтары демалатын көптеген саябақтар мен аллеялар қаламызға сән беріп отыр. Сондай-ақ елорда төріндегі әл-Фараби, Абай, Кенесары хан, Бөгенбай батыр, Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Жұмабек Ташенев сияқты бірқатар тау тұлғалардың еңселі ескерткіштерінің жас ұрпаққа тағылым мен тәрбие орны болып жүргені де – жақсылықтың нышаны. Ұлт денсаулығы сапасын арттыру мақсатындағы мемлекеттік саясаттың арқасында салынған озық клиникалар мен ауруханалар да осында бой көтеріп, халқымызға қызмет етуде. Ал халықаралық үлгіде салынған әуежай мен теміржол бекеті – шаһар көркіне көрік беріп тұрған нысандар. Сонымен қатар, Астана халықаралық және республикалық спорт жарыстары өтетін «Астана арена», «Барыс арена», «Алау» жабық мұз айдындары, Ж.Үшкемпіров атындағы спорт сарайы сынды нысандар қала көркін ашып қана қоймай, жергілікті тұрғындардың, оның ішінде жастар мен жасөспірімдердің тұрақты түрде спортпен айналысуына мол мүмкіндіктер жасап отыр.

Ең үлкен жетістіктердің бірегейі, ол Астанамыздың еліміздің рухани темірқазығына айналғаны деп танимын. Мұнда мәдениет, әдебиет пен өнер салаларының түбегейлі даму жолына түскенін ашық айтқан абзал болар. Ұлттық академиялық кітапхана мен театрлар, кино залдары мен мұражайлар, түрлі деңгейдегі әдебиет пен өнер байқаулары, спектакльдер мен концерттер, аламан айтыстар да қала халқы мен арнайы келген қонақтарды қуаныш сезіміне бөлеуде.

Артта қалған белесті жылдарда ақ ордалы елордамыз жаһандық интеграцияның, қауіпсіздік пен бітімгершіліктің эпицентріне, аса ірі көлемдегі халықаралық саммиттер мен форумдардың, кездесулер мен келіссөздердің орталығына айналды. Осы тұста ел мен елді, халық пен халықтардың арасын жақындатудағы сіңірген аса зор тірлігі үшін «Астана рухы» түсінігі әлемдік сая-сатқа берік енді. Сондай-ақ жасыл желекке оранған жас елордамыздан бүгінгі Батыс пен Шығыстың философиясы мен ұлттық нақыштағы архитектуралық келбеті үндестік тауып, Қазақ елі болып қалыптасуымыздың мызғымас нышаны болып берік орнықты.

Осылайша күн санап қарышты дамыған Астана бүкіл ел экономикасына серпінді күш әкелді. Нәтижесінде кең-байтақ Қазақстанның барлық өңірлері елордаға қарап бой түзеді, бәсекелесе отырып, өркендей түсті. Мұнда жаңа ірі өндіріс орындары ашылып, шағын және орта бизнес қанат қақты. Жол, жарық, ауыз су, жылу, газ тарту сияқты инфрақұрылымдық жүйелер желісі көңілге қонымды. Алты ай сықырлаған қытымыр қысы бар Арқаның қары мол күндері қала әкімдігі жергілікті тұрғындарға барын салып қызмет етудің үлгісін көрсетіп, көптің алғысына бөленіп жүргенін көзіміз көріп жүр. Олар көлік жолдары мен жаяу жүрушілерге арналған жолдарды үздіксіз тазалап тұру әдетінен жаңылған емес.

Жалпы еліміздегі ең биік көк туымыз көкке желбіреген Астанамыз күн санап өсіп, үкінің баласындай үлпілдеп, үлкейіп келеді. Өйткені бас жоспары қайта қаралған еліміздің бас қаласы – бар қазақтың ырыс-дәулеті тасыған тайқазаны! Өрге жүзген Алаштың Астанасы ұрпағымен мың жасап, ғасырлардан ғасырларға ұласатын ұлы шежіресі болып қалары күмәнсіз.

Бүгінде ұлтымыздың төл құжатына айналған Астананың тарлан тарихы мен киелі қасиеттері тек қана мерейтой күндері кезінде ғана емес, басқа уақытта да үзбей аталатын, көптің санасында, жастардың жадында жүретін қастерлі ұғымға айналуы аса қажет. Өйткені ұлтымыздың жылы ұясына айналған ол – Отанымыздың жүрегі, Тәуелсіздігіміздің тірегі, барша әлемді тамсандырған тұлғалы бас қаламыз!

Жасай бер, жайнай бер, жылдан-жылға құбылып, күннен-күнге құлпырып келе жатқан әсем Астана, жыр Астана, ән Астана! Аршындай бер, адымдай бер, үні алысқа кеткен нар қазақтың алдаспаны, мәңгілік ару Астана!

Қырғызәлі ТІЛЕУОВ,
зейнеткер,
Астана қаласы



ЕЛОРДА – МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫ

Былтыр елордаға келген шетелдік пациенттердің саны екі есеге артты. Осылайша, Астана қаласы медициналық туризм саласының қарқынды даму кезеңіне өтті деуге болады. Медициналық қызмет алған шетелдік азаматтар саны 4 500-ден асқан. Бұл көрсеткіш – елорданың халықаралық медицина нарығындағы беделінің бір көрінісі.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Мамандардың айтуынша, шетелдік пациенттер кардиохирургия, нейрохирургия, онкология, ЭКО, ортопедия мен стоматология бағытын таңдаған. Астанадағы жетекші клиникалар жоғары технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілгендіктен, халықаралық стандарттарға сай қызмет көрсетеді. Бүгінде қаламызда аккредитациядан (JCI) өткен 7 халықаралық клиника жұмыс істейді.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, медициналық туризмге сұраныс негізінен ТМД елдерінен – Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және Моңғолиядан келетін науқастар тарапынан жоғары. Сондай-ақ Түркия, Германия мен Таяу Шығыстан келушілер де жоқ емес.

2024 жылы UMC клиникалар желісінің өзінде ғана 2 000-нан астам шетелдік пациент ем қабылдаған. Бұл – Астананың денсаулық сақтау жүйесі өңірлік хаб ретіндегі әлеуетінің нақты айғағы. Алайда саланың дамуымен қатар, бірқатар өзекті мәселелер де барын айтуымыз керек. Атап айтқанда, шетелдік пациенттерге бағытталған сервистік қызметтің жеткіліксіздігі, тілдік тосқауыл, медициналық сақтандыру жүйесінің толық іске қосылмауы – тез арада шешуді қажет ететін мәселелер. Осыған байланысты, Астана қаласының әкімдігі мен денсаулық сақтау ұйымдары медициналық туризмді қолдау және дамыту мақсатында нақты шаралар қабылдауда. Соның ішінде, шетелдік пациенттерге арналған қызмет көрсету стандарттарын енгізу, ақпараттық және логистикалық қолдау механизмдерін дамыту және алдағы жылдары Астанада жаңа перинаталдық орталықтар, көпбейінді ауруханалар мен емханалар салынатын болды. Бұл өз кезегінде тек ішкі сұранысты ғана емес, халықаралық медициналық туризм аясындағы қажеттілікті де өтеуге мүмкіндік береді.

ЖАҢА НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРМЕК

Бас қалада халық саны жыл санап артып келеді. Қаланың Бас жоспары бойынша жүргізілген демографиялық болжамға сәйкес, 2035 жылға қарай елорда тұрғындарының саны 2,3 миллион адамға жетеді деп күтілуде. Алайда соңғы жылдары денсаулық сақтау саласындағы инфрақұрылым халық өсіміне ілесе алмай отыр.

«2015 жылдан бері елордада бірде-бір ірі медициналық нысан салынбаған. Осы уақыт ішінде қала халқы 800 мыңнан 1,5 миллион адамға дейін көбейіп, шамамен екі есеге артты. Нәтижесінде, бүгінде ауруханаларда төсек-орын жетіспеушілігі өткір мәселеге айналды» дейді Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова. Жалпы, 2027 жылға қарай қосымша 1400 төсек-орын қажет болады екен.

«Елордалық емханалар шамадан тыс жүктememен жұмыс істеуде. Жобалық қуаты бір ауысымда 11 мың адамды қабылдауға есептелген емханалар бүгінде 30 мыңнан астам тұрғынға қызмет көрсетіп отыр. Осы жағдайды ескере отырып, қала әкімдігі алдағы үш жылда 12 жаңа денсаулық сақтау нысанын салуды жоспарлап отыр. Атап айтқанда, 2 перинаталдық орталық, жаңа көпсалалы аурухана, №2 қалалық көпбейінді аурухана жанынан қабылдау-диагностикалық кешен, 2 мемлекеттік және 3 жекеменшік емхана, және 3 жедел жәрдем қосалқы станциясы бой көтермек» дейді басқарма басшысы.

Мамандардың айтуынша, бұл жобалар медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласының ұзақ мерзімді дамуына да серпін бермек.

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Бүгінде елордамыздың денсаулық сақтау саласында 11 мыңға жуық медицина қызметкері еңбек етуде. Олардың қатарында дәрігерлер, орта буын медбикелер мен кіші медициналық персонал бар. Бұл – әрбір астаналықтың өмірі мен саулығы үшін тынымсыз еңбек етіп жүрген мамандар.

Медицина қызметкерлерінің еңбегі мен кәсіби шеберлігінің арқасында медициналық көмек қолжетімді. Мұны нақты көрсеткіштерден көруге болады. Мысалы, өткен жылдың өзінде туберкулез, қан айналымы жүйесі аурулары, жарақаттар, улану және түрлі жазатайым жағдайлардан болатын өлімжітім көрсеткіші айтарлықтай төмендеді. Сонымен қатар, өкпе ауруының бастапқы аурушаңдық деңгейі де азайған.

«Медициналық қызмет сапасының артқанының бір дәлелі – стратегиялық маңызды көрсеткіштердің бірі болып саналатын орташа өмір сүру ұзақтығының 78 жасқа жетуі. Бұл – еліміз бойынша белгіленген жоспарлы көрсеткіштен 3,5 жылға жоғары. Бұл нәтижелер елорда тұрғындарының денсаулығы жақсарып келе жатқанын және атқарылып жатқан шаралардың тиімді екенін көрсетеді» дейді Әлия Рүстемова.

Атап өткен жөн, қала билігі медициналық инфрақұрылым мен материалдық-техникалық базаны жақсартуға да ерекше көңіл бөлуде. Жедел жәрдем қызметінің жеделдігін арттыру үшін 47 жаңа көлік сатып алынды. Қазіргі таңда автопарктің қамтылуы 85%-ды құрап отыр. Бұл – халыққа көрсетілетін шұғыл медициналық көмектің қолжетімділігін арттырған маңызды қадам.

Сондай-ақ соңғы екі жылда 70-тен астам резидент дәрігер жұмысқа қабылданса, биыл денсаулық сақтау жүйесіне тағы 100 жас маман қосылады деп жоспарланып отыр.

ДӘРІГЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ – ЕРЕКШЕ НАЗАРДА


Президент тапсырмасына сәйкес, медицина қызметкерлерін қолдау ерекше назарда. 2025 жыл – Еңбекші мамандықтар жылы деп жарияланғаны белгілі. Осыған орай, орта буын медицина қызметкерлерін қолдау мақсатында тәлімгерлік бағдарламалар іске қосылып, сестриналық практика кеңейтіледі.

Медицина саласындағы әлеуметтік қолдау да назардан тыс қалған жоқ. Былтырдың өзінде 51 медицина қызметкері тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Алдағы екі жылда 400 медицина маманын жатақханамен қамтитын екі жаңа нысан салу жоспарланған. Астананың денсаулық сақтау саласындағы жүйелі жұмыстары елорданың ғана емес, жалпы ел медицинасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталып отыр.

Гүлмира ШАРХАНҚЫЗЫ

АСЫҚ АТУ – ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

Елорда күні қарсаңында «Ғашықтар» аллеясында «Астана сақасы» асық ату турнирі өтті. Нұра ауданы әкімдігі, қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасы, Астана қаласы әкімдігінің Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының қолдауымен өткен жарысқа асық атуды ермек ететін елордалық балалар мен ересектер қатысып, ұлттық ойынның дәріптелуіне атсалысты.



Жарысқа екі жас категориясы бойынша ойыншылар қатысты. Бірінші топ бойынша 12-16 жастағы 50 жасөспірім бақ сынады. Олардың 30-ы ер балалар асық атып, қалған 20-сы қыздар бес асық ойнап, жарысты. Екінші топ бойынша жарыс 17-ден жоғары ересектер арасында өтті. Олар асық атудың «Бес табан» деген түрін ойнаса, одан бөлек қала тұрғындары арасында «Бескене», «Жеті асық» деген түрлері де ойнатылды. Олимпиадалық жүйемен ойналған жарыста жеңілгендер ойыннан шығып отырды. Жарысқа осы ойыннан жаттықтырушы болып жүрген және жүлде мен атақтар алған 12 төреші қазылық етті.

– Бұл – тек жарыс, бәсеке емес. Бұл – біздің дәстүріміз. Асық ату – ертеден келе жатқан ұлттық ойындардың бірі. Асық баланың кішкентай кезінен жүйке жүйесін дұрыс қалыптастырып, оларды дәлдікке,ептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді. Бұл – 6 жасар баладан 60-тан асқан ақсақалдарға дейін ойнайтын ойын. Соның дәлелі ретінде бүгінгі турнир соңында қаламыздың ақсақалдары Советхан және Нағашыбек деген ағаларымыз да асық ату ойынының үлгісін көрсетеді. Жалпы бүгінгі мақсат – қала күні қарсаңында тұрғындарға жоғары көңіл-күй сыйлау, – дейді Асық ату спортынан аға жаттықтырушы, Астана қалалық Асық ату федерациясының төрағасы Ескендір Рахметов.

Турнир жеңімпаздарына iPad және смартфон тарту етілді. Ойын кезінде асықтардың түрлері қойылған көрме ұйымдастырылды. Бүгінде Астанадағы 27 мектепте Асық ату факультативтері тегін жұмыс істейді.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖАНАШЫР

Елордадағы Байқоңыр ауданында 3 шілде – Дүниежүзілік бір реттік пластик ыдыстан бас тарту күніне орай «Пластиксіз 1 күн – таза Байқоңырға бір қадам!» атты экологиялық флешмоб өтті. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған ауқымды іс-шараға 100-ден астам адам қатысты. Олардың ішінде «Жасыл ел» жастар жасағының жауынгерлері, еріктілер мен табиғатқа бейжай қарамайтын аудан тұрғындары да болды.

Бұл іс-шараның басты мақсаты – пластик заттардың зияны туралы түсінікті арттырып, күнделікті өмірде экологияны аялау және таза ұстауды кеңінен насихаттау болатын.

Флешмобтың басты нысаналарының бірі – «Ұстаздар» саябағында орналасқан жылжымалы эко-бекет болды. Онда кез келген адам пайдаланылған бір реттік пластик ыдысты тапсырып, оның орнына экологиялық таза тауарлар – қағаз майлықтар, көп мәрте қолдануға болатын дорбалар және табиғатқа зиянсыз басқа да бұйымдарды ала алады.

Көпшілік назарын #1КүнПластиксіз челленджі ерекше аудартты. Бұл бастама аясында «Жасыл ел» жауынгерлері бір күн бойы пластиктен мүлде бас тартып, бір реттік ыдыстың орнына көп мәрте қолданылатын баламаларды қолдану қаншалықты оңай әрі тиімді екенін көрсетуде.



Қатысушылар өздерінің эко-әдеттерімен бөлісіп, әлеуметтік желілерде #1КүнПластиксіз, #ЖасылЕл, #БайқоңырБезПластика хештегтерімен фото және бейнематериалдар жариялап, күнделікті жауапты жұмысқа үндеу тастады.

Бұл флешмоб табиғатқа қамқорлықтың бір күнмен шектелмейтінін, ол ұзақмерзімді игі өзгерістерге бастайтынын айқын көрсетіп отыр. Қоршаған ортаға жанашырлықтың әр адамнан басталатын таңдау екені де қатысушыларды қанаттандырғандай.

№78-79 (4823) 05/07/2025 Сенбі

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

ТОҚСАНЫНШЫ ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ «ТОҒЫЗЫ»

Сонның бірінде 12 желтоқсан №8 санында Қазақ ССР Министрлер кабинетінің баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінде мерзімдік басылым ретінде тіркелгенін сүйіншілейді.

Сонымен бірге газет редакциясының алғашқы мекенжайы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы көшенің 47 «а» үйінде орналасыпты. Бұл – қазіргі Жақып Омаров атындағы, алғаш рет, бүгінгі елордасында бұрынғы Целиноград қаласында қазақ театрының қазығын қаққан режиссердің құрметіне берілген көше.

Осы нөмірде Целиноград халық депутаттары қалалық Советінің төрағасы А.К.Косенко мен атқару комитетінің төрағасы А.Қ.Бөлекпаевқа 1 мың 200 қала жастары қол қойған Ашық хат жарияланған. Онда қаланың Ақмола атты ескі атауын қайтаруға қатысты және келесі жылы 150 жылдығын атап өткелі отырған Абай есімін қаладағы Октябрь немесе Революция көшелерінің біріне беру керек деген ұсыныс айтыпты. «Жастарға желтоқсан берген бағамен қарамай, қоғамдағы қозғаушы күштердің бірі деп қарайтын кез жетті» деп түйіндеген жолдардан сол кездегі жастардың өктем үні естіледі.

«Ақмола ақиқаты» №2 санында оқырмандар қалада ұлттық нақыштағы қазақы дүниелерінің қат екенін, домбыра, ұлттық киімдердің мүлдем жоқтығын жеткізген. «Қазақтың мұңына да, жырына да, сырына да серік болған қайран домбыраны бұл күнде шырақ алып, қоймадан қойма қалдырмай кезсең де таппайсың. Айналайын, «Ақмола ақиқаты»! Домбыраға зәру жамағаттардың өтініші қашан орындалар екен, соны біліп берші» деп өтініпті.

1990 жылы 13 қазаннан бастап шыға бастаған «Ақмола ақиқаты» жылдың соңына алғашқы «тоғыздығы» 9 нөмірі жарық көрген. Аптасына екі рет, сәрсенбі, жұма күндері оқырмандарының қолына тиетін газеттің бұл сандарында қазіргі «Астана ақшамы» газетінің ұйымдастыру мәселелеріне де қатысты мәліметтер көзге түсті.





Айгүл Әбдірайымова деген оқырман жаңа газеттің ашылуына қарай қуанышын білдіріп, «Әрқайсымыз ұлттық үлгідегі киімдерге ие болсақ дейміз. Қалада ұлттық үлгідегі киімдер тігіп шығаратын тігін орындары ашылса, ұлттық киімдер, дәстүрді бұйымдар сүйікті жасауымызға айналар еді» дейді.

«Сарғая күткен үмітіміз еді». Жаңа театрдың ашылғаны туралы ақжолтай мақала газеттің үшінші нөмірінде жарияланыпты. Жаңа өнер шаңырағының материалдық-техникалық базасын құрудан бастап, осында келген әртістерге тұрмыстық жағдай жасауға дейінгі толып жатқан күрделі мәселелерді шешуге тура келген. Ол туралы жаңа өнер ордасының директоры Торғауыт Шахзадин мен театр режиссері ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жақып Омарұлы әңгімелеп береді. Осы әңгіме жарияланғаннан кейін бір жыл уақыт өткен кезде түрлі қиындықтарды артта қалдырып, 1991 жылғы 15 қарашада театр шымылдығын Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясымен ашады. Руханиятқа сусап жүрген жұртшылық «Тың игерушілер» сарайына ағылып, 1609 орындық көрермен залы лық толады. Әзірге алғашқы құрам 15 артист дайындық үстінде.

Тоқсанышы жылдары «нарықтық қатынас» деген экономикалық ұғым тікелей мамандары болмаса жалпы көпшілікке таныс емес еді. Газет бетіндегі «Бір тақырыпқа қос пікір» атты айдармен берілген бетте авторлар өз ойын ортаға салады. Соның бірінде Целиноград қаласының өндірістік кәсіпорындарында нендей істер тындырғанын айта келіп, 40-астам елге насос өнімдерін жіберетін ұжымның балтық елдерінен, Бакуден алдыратын қосымша жабдықтардың болмауынан жұмыстың кідіруін айтады. «Осындай жағдайда нарыққа көшетін болсақ, алға басуымыз неғайбыл» деп кәсіпорын басшысы күмән келтіреді. Екінші ой иесі, нарықтық экономикада «еңбек ет деген ұстаным табыс тап деген қағидамен ауысуы тиіс дейді. Ынта болса адамда қиын іс жоқ ғаламда деген жігерлі сөзбен қорытындылап, қай нарықта болсын адамның әлеуеті мен күшіне сенім артады.

Бетті дайындаған **Айгүл УАЙС**

БАС ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

«Астана ақшамы» газетінің жарыққа шыққанына да 35 жыл толып отыр. Осы газеттің бірінші нөмірін өзім шығарғандықтан, оның әр санын назарымнан қалдырмаймын. Жасыратыны жоқ, бұл газет шыққанда біз КСРО деген алып державаның құрамында болып, елдік және ұлттық тұрғыда еркін қарекет жасауымыз қиындау кез болатын.

Дегенмен де жетпіс жылдай салтанат құрған мемлекеттік жүйенің құлдырауы байқала бастаған-ды. Дәл осы тұста халықтың да егемендікке деген ерекше ұмтылысы пайда болған. Соның бір айғағы деп «Ақмола ақиқаты» газетінің шығуын айтуға болады.

Мен ол кезде облыстық телеарнада қызмет істеп жүрген едім. Бір күні қала басшысы шақырып жатыр деген хабар алып, қалалық атқару комитетінің үйіне бардым. М.Жақыпов қала басшысына алып барды. Жылы қабылдаған А.Бөлекпаев бірден шаруаға кірісіп, ақылдасқан адамдарының көпшілігі менің кандидатурамды қолдап отырғанын айтты. «Қалай, жаңа газетке редактор болуға жарайсың ба?» деп сұрақты төтесінен қойды. Мен де қарап қалмай «Сенім білдірсеңіздер, неге газет шығармасқа, боламын» деп жауап қаттым. Содан ұйымдастыру іс-шаралары қыза түсті. Қажетті мамандар іздей бастадым. Телеарнада жүріп-ақ газеттің нобайын дайындауға кірісіп кеттім. Арада екі күн өткенде қала басшысы орыс тілінде шығатын газеттің редакторлығына тағайындалған Александр Придьма екеумізді шақыртты. Барсақ «Газетті шығаратын уақыт келді, барлық ұйымдастырушылық-құқықтық іс-шаралар түгенделді. Ендігі мәселе, газеттерді қалай атаймыз, осыны ақылдасайық» деп әңгімеге тартты. Әзірге орысша газетке «Вечерний Целиноград» деген атау берсек деп отырмыз, ал қазақша газетті қалай атасақ болады?» деп бізге қарады. Мен осы сәтте көп ойланбастан «Ақмола ақиқаты» деп атайық дедім. Ешкім үндемей қалды. Мен тағы да «Қазір Одақтың кейбір қалаларына тарихи атаулары қайтарылып жатыр. Ақмола да – осы қаланың байырғы атауы. Ол да көп кешікпей қайтарылуы мүмкін...» деп қалдым. Бірақ сол жерде отырған біраз адамға менің ұсынысым да, пікірім де жақпай қалғанын сездім. Сәлден кейін қала басшысы «Жарайды, ойланып көрейік...» деп орнынан тұрып кетті. Сонымен сол күнгі «ақылдасудан» ешқандай нәтиже шықпады. Ал газет мәселесіне байланысты екінші күні барғанымызда әңгіме төркіні өзгеріп шыға келді. Газетке «Ақмола ақиқаты» атауы берілетін тоқтам жасалды. Сөйтіп, 1990 жылдың 13 қазан күні «Ақмола ақиқаты» оқырман қолына тиді.

Сол газет уақыт өткен сайын түрленіп, көркейіп келеді. Қазір елордамыздың негізгі ақпарат органына айналды. Астана қаласы дамуының энциклопедиясы десек те жарасады. Газет, сонымен қатар, журналистердің ұстаханасына да айналып отыр.

Мерейлі белес, берекелі мереке баршамызға қайырлы болғай! Газет ғұмырлы бола берсін!

Кенже ЖҰМАҒҰЛОВ,
1990-1997 жылдары
«Ақмола ақиқаты»
газетінің редакторы

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен және елорданың Мемлекеттік архиві ғылыми-әдістемелік кеңесінің ұсынысымен жарық көрген Жамбыл Артықбаевтың «Қараөткел құпиялары» атты зерттеу кітабының таныстырылымы Астана күні мерекесіне орайластырған рухани оқиғалардың бірі болды. Еліміздің бас қаласының өткенін тірілтіп, тарихын түгендейтін еңбек «Қараөткел туралы ізденістер», «Есіл-Нұра – екі су», «Ерте заманның ескерткіштері», «Қараөткел тарихы» және «Қараөткелге қанаттас» атты бес тараудан тұрады. Өлкеміздің арғы тарихынан тартатын қараөткел құпияларымен газет оқырмандарын да таныстыруды жөн санадық.

ҚАРАӨТКЕЛ – АЛАШТЫҢ КІНДІГІ



Есіл – қазақ жерінен өз бастауын алатын және Ертіс арқылы Солтүстік мұзды мұхитқа жететін өзен. Сарыарқаны бір көрген адам оның қасиеті осы Есілмен қадірлі екенін біледі. Оның ұзындығы – екі мың шақырымнан астам. Ерте кезде Есілдің суы арнасынан асып-тасып жатқанын, жағасы тоғай, көк шалғын болғанын қазақтың ауыз әдебиетінен білеміз. Кенесары ханның жанында болған Досқожа жырау көтерілісшілер Сарыарқадан Жетісуға қарай ауғанда:

Бұл қоныстан кеткен соң, Көреміз бе, дүние-ай, Мына жатқан Есілдің,

Көкорай тартқан өзенін?! – деп жылап қоштасатын өзені осы Есіл.

Осындай себептерге байланысты Есілдің ұзын-ырғасындағы әрбір жары мен саласы, тоғайы мен шілігі, ежелден қазақтың қоныс салған қыстаулары мен өткелдері халықтың жадында жақсы сақталған. Мысалды алыстан іздемей-ақ қазір Петропавл атанып жүрген Қазақстанның солтүстік аймағындағы қаланың орналасқан жері ертеде қазақ заманында Қызылжар болғанын айтсақ та жетеді. Қызылжар – Есілдің орта ағысындағы ерекше тарихи топонимдердің бірі. Жалпы қазақ жерге ат бергенде ең алдымен, оның табиғи ортасын ашып көрсетуге қабілеттілігін ескереді. Себебі қазақ жеріндегі топонимдердің бәрі де мәңгілік қозғалыстағы ел үшін географиялық карта мен компас қызметін атқарады. Қараөткел атауының әлі күнге дейін елдің аузында болуы да осындай себептерге байланысты. Қараөткел атауы қазақтың жыл құсындай оңтүстік пен солтүстік арасында әрлі-берлі көшкен, ұлы меридиан саудасын жүргізген заманында қалыптасқан үлкен өткел дегенді білдіреді.

Ю.Шмидт өзінің «Очерки киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела в Акмолинской области» кітабында Қараөткелдің ені – 75 м, судың тереңдігі – 70 см, табаны тастақ Сарыарқадағы ең бір үлкен өткел екенін жазады (Шмидт, 1894, с.128). Сіздер ортағасырлық сауда керуендерін немесе көшкен елді көзге елестетіп көріңіздер, кемі мыңдаған жүк тиеген түйелер мен күйме-арбалар. Мұндай жағдайда міндетті түрде өткелдің табаны тастақ болуы керек, әйтпесе өзен ми-балшыққа айналып, одан өту мүмкін болмайды. Кейбір жазушылар жазып жүргендей, «Қараөткел» атауын XVIII ғасырдағы жаугершілік заманмен немесе Қанжығалы қарт Бөгенбайдың сүйегін Әзірет Сұлтанға алып бара жатқан қаралы көштің осы жерден өтуімен байланыстыру қисынсыз. Оған бір себеп – Қараөткел маңындағы сақ, ғұн, түркі замандарының толып жатқан қорған обалары мен қалалық қоныстары. Қараөткел Қазақ хандығына дейінгі заманында Ұлы даланың ірі сауда орталықтарының бірі болған жер, яғни атау сол замандарда пайда болған. Қаланың іргетасында керуен сарайлар мен қолөнер орталықтары, саудагер қауымдардың отырықшы қоныстары, мешіттер мен мектеп орындары жатыр. Біз тым әріге бармай-ақ XIX ғасырдың басындағы жазба деректерді қарастырып көрейік.

Подполковник Шубиннің Омбы облысының бастығы генерал-лейтенант де Сент-Лоранға Ақмола сыртқы округін ашу туралы 1830 жылғы рапортынан:

«Место сие состоит над самой рекою Ишима, и оно безопасно от наводнения во время весны, где весьма можно свободно расположить построение казенных зданий и подле онаго пролегает караванная дорога, по которой из всех мест как то – Бухарии, Ташкении, Кокании, с Семи рек и прочих азиатских владений проходят торговцы с караванами на Петропавловск и из оного в те владения. Караваны сии имеют стечение всегда при урочище Карауткуль, которое отстоит от предпологаемого места только в 4 верстах. Они находятся тут по одному месяцу, а иногда и с половиною, разменивают один другому свои товары и напоследок так случается, что некоторые сбыв избыток свой или товар возвращаются в свои отечества».

Тәжірибелі орыс офицерінің жаңа ашылып жатқан округке (дуан) Қараөткелді ұнатқанын осы жазбадан-ақ білуге болады. Бір қызығы, округ орталығы 1832 жылы Қараөткелден емес, осы жерден 25 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай, Нұраның оң жағасындағы Тайтөбеден ашылды. Осы төбенің басында тұрған Ақмола қарауыл мұнарасы жаңа округтің атауына айналды.

«Қараөткел құпиялары»
кітабынан алынды






Сұлтан СЕЙІТ

Көркейе бер, елдің төрі – елорда



Оңалхан ӨНЕРХАН











№78-79 (4823) 05/07/2025 Сенбі



Қайрат БАЙБОСЫНОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері:


ДОМБЫРАМЫЗ ТӨРДЕ БОЛСЫН!

– Астанаға арнайы шақыртумен көшіп келгеніме биыл 16 жыл болған екен. Ел жүрегі саналатын елорда мәдениетіне үлес қосу парызымыз деп келдік. Бір жағынан бұл жер ежелден ән мен жырдың ортасы ғой. Осы өлкеден небір дүлдүлдер мен бұлбұлдар шыққан. Өзімнің репертуарымда Балуан Шолақтың «Ғалия» атты әйгілі әні бар. Ал сол Ғалия кешегі Ақмолада, бүгінгі Астанада қымызхана ұстады. Соған қарағанда, осы жерге Балуан Шолақтың табанының тимеуі мүмкін емес. Құлтума Өтемісұлы, Үлебай Әнетұлы, Мәриям Жагоркызы, ән жүйрігі Қосымжан Бабақов, Рабиға Есімжанова, Кенжебек Күмісбеков, қайсыбірін айта берейін, қазақ өнерінің қоржынына мол олжа салған өнерпаздар – осы жердің тумалары.

Астана еліміздің қақ ортасында тұр. Барлық өңір тұрғындарының келім-кетіміне ыңғайлы. Халықтың көшіп келуімен Астананың тілі қазақыланды. Аспанмен таласатын зәулім үйлер, әсем ғимараттар бой көтерді. Қала тұрғындары ел мен елорданың өркендеуіне өзіндік үлесін қосып келе жатыр. Астана күні келіп қалған екен, бұл ортақ мереке ғой, баршаны құттықтаймын! Астана күннен-күнге ажарланып, дәулеті артып, сәні мен салтанаты келісе берсін!

Саналы ғұмырымды қара домбыраға арнадым. Өткен өміріме қарасам, осы өнермен талай ел мен жерді аралаппын. Өзім қасиет деп тұтқан осы жолдан айныған жоқпын. Қазір қандай бір биікте тұрсам, бұл деңгейге ұлтыма деген, ұлтымның өнеріне деген шексіз сүйіспеншілік жеткізіп отыр.

2018 жылдан бері шілденің алғашқы жексенбісінде елімізде Ұлттық домбыра күні аталып келе жатыр. Сол мереке де келіп қалған екен. Қазақстанның Еңбек Ері атағы – маған ғана емес, дәстүрлі ән өнеріне берілген баға. Осындай биік марапаттың дәстүрлі өнерге берілгені ерекше қуантады. Мұны қоғам да талқылап, ұлттық өнерге жасалған бетбұрысты игі іс деп қабылдады. Шынында, дәстүрлі өнеріміз әрқашан биік тұруы керек. Дәстүрімізді, салтымызды, құндылығымызды ардақтау – парыз. Қазақтың жыры мен күйі – қазақтың жаны, қаны, жүрегі. Ал Ұлттық домбыра күні – төл аспабымыздың ғана емес, ұлттық өнердің салтанаты. Осы мереке құтты болсын деймін! Домбырамыз әрқашан төрде болсын!



ЖЕКСЕМБЕКТІҢ ЖОЛЫ



Биыл аса көрнекті күйші-композитор, дарынды дирижер, Қаз КСР және КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы ЮНЕСКО және ТҮРКСОЙ аясында аталып жатыр. Майталман музыкант қазақ музыкасының өрлеуіне өлшеусіз үлес қосқанмен қатар, дарынды өнерпаздардың үлкен өнерге араласуына сеп болды. Академик Ахмет Жұбанов бала Нұрғисаны өнерге жетелеп әкелгендей, Атабайдың перзенті де талай таланттың жолын ашты.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Соның ішінде белгілі күйші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермұрат Үсенов пен Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Жексембек Нұржауов есімдерін атап өтсек жеткілікті. Бұл екеуі де Тілендиевтің тәлімін көріп, шеберлігін шыңдап, бүгіндері айтулы өнерпаздарға айналды.

Ермұрат Үсенов жайлы әңгімені кейінге қалдырып, оның «Анама» атты күйін шебер шертетін Жексембек Нұржауов туралы айтайық. Күйшінің өнерге араласқанына жарты ғасырға жуықтады. П.Чайковский атындағы музыка училищесін бітіргеннен кейін Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияға түсті. Студент күнінде-ақ өнерімен көзге түсті. Оқи жүріп, қара шаңырақ – Құрманғазы атындағы академиялық оркестрде қызмет істеді.

«Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрінде тыңдау жүргізілгенде соған қатысты. Күй тартысы оркестр жетекшісі Нұрғиса Тілендиевтің өзіне ұнап, өнер ұжымына жеке орындаушы және бас концертмейстер ретінде қабылданып, домбырашылар тобын бастады. Сол уақыттан Нұрғисаның қасында, оркестр құрамында 15 жылдай жүріп, үлгі-өнегесін бойына сіңірді. Мұнымен қоса ұстаздық жолға түсіп, өзі бітірген Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияда дәріс берді.

Тәуелсіздіктің елең-алаң тұсында Жексембек Нұржауов Әулиеата өңірінде, көне Тараз төрінде ұлттық өнердің өрістеуіне үлкен еңбек сіңірді. Жұмыс бабымен сол елге ауысып, Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының көркемдік жетекшісі болды. Филармония жанынан қазақ ұлт аспаптар оркестрінің құрылуына тікелей араласты. Сонымен қатар Абай атындағы музыка колледжінде шәкірттерді дайындады.

Еліміздегі үлкен өнер ұжымдарының бірі – Астанадағы Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының қазақ оркестрі. Құрамында 100-ге жуық өнерпаз жинақталған оркестрге Жексембек Нұржауұлы жеке орындаушы, бас концертмейстер қызметіне арнайы шақырылды. Басшылықтың сондағы ойы «оркестр мүшелері, соның ішінде, әрине, жастар тәжірибелі домбырашыдан үйренсін» дегенге сайды. Нұрғиса мектебінен өткен күйші астаналық өнерпаздармен білгенімен бөлісіп, күй тартудың үздік үлгісін көрсетті. Сонымен қатар Қазақ ұлттық өнер университетінде қызмет істеді.

Қазақ күйінің насихатына үлкен үлес қосып келе жатқан белгілі күйші, радиожурналист Сәрсенғали Жүзбай Жексембек Нұржауовтың күй тартысынан Тілендиевтің мәнері байқалатынын айтады. Нұрғисаның өзі де «Жексен, сен күйшілікке туған баласың. Оркестр құрамындағы басқа күйшілер бір төбе де, өзің бір төбесің» деп айтып отыратын көрінеді. Шынында, Жексембек Нұржауов шертпені де, төкпені де шебер тартады. Қазақ күй өнерінің қанша мектебі болса, соның бәрін меңгерген. Репертуарында белгілі күйлердің ел тыңдай қоймаған нұсқалары бар. Мысалы, күй анасы Дина Нұрпейісованың Жапас Қаламбаев алып қалған «Бұлбұл» күйінің нұсқасын бірден-бір орындаушы – Жексембек Нұржауов.

Кезінде оның орындауында 20 шақты күй енген «Ақ жарма» атты күйтабағы шықты. Қазақ радиосының «Алтын қорына» да 20-дай күй жазып алынды. «Отырар сазы» оркестрінде жүргенде ел аралап, талай өнер сапарына шықты. Сол кезде Қаратау өлкесіне де барды. Дәулескер күйші-композитор Төлеген Момбековтің алдында «Салтанат» күйін шертіп, автордың ризашылығы мен батасын алды.

Жексембек Нұржауовты бүгінде ескінің көзі деп айтуға болады. Қазір өмірде жоқ талай жақсымен кездесіп, үлгісін үйренді. Мәселен, көрнекті композитор, Қаз КСР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжебек Күмісбековпен консерваторияда қызметтес болғанда композитор Жексембектің күйшілігіне тәнті болып, «Арман» атты күйін «Жексен, осы күйді сен тартып жүрші» деп берді. Күйші бұл туындыны қазір үнемі насихаттап жүреді.

Жексембек Нұржауов белгілі күйші, ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Айтжан Тоқтағаннан дәріс алса, өзі де Мұрат Нүкеев, Рүстем Жүнісов, Мұрат Әбуғазы, Нұрберген Қырғызбаев, т. б. шәкірттерді тәрбиелеп шығарды. Әлі де тұғырдан таймай, жастарға білгенін үйретіп келе жатыр. Құрманғазы оркестрінен басталып, «Отырар сазында» шыңдалған күйшілігі кемеліне келіп, Астанадағы Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының қазақ оркестрінде тәлімгерлікке ұласқан Жексембектің жолы осындай.

«АРНАУ» АСТАРЫНДАҒЫ АУЫР МҰҢ

«Air Astana» ұшағына мінген сайын жүрек қылын тербеп, тұла бойыңды шымырлатып тұрған күйге құлақ түресіз бе? Жағымды әуенді тыңдағанда «мынау қайсы күй?», «кімнің күйі?» деп ойланып көрдіңіз бе?

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



Қазақтың бір күйі – бір роман! Мына күй де дәл сондай! Бұл жай ғана жағымды әуен емес. Түсінген адамға бұл күйдің астарында қабырғаңды қайыстырып, жүрегіңді қан жылататын қайғы-қасіреті жатыр. Арманда кеткен боздақтардың рухына арналған күйде Екінші дүниежүзілік соғыстың мұң мен зары бар. Бұл – майдан даласындағы зеңбірек дауысы мен ана зарының арасындағы жүрек дірілі, боздақтардың аманатын арқалаған әуен.

Екінші жаһандық соғыста қазақ даласының әр түкпірінен аттанған 1,2 миллион сарбаздың жартысы қайта оралмаған. Қан кешкен қазақпен бірге қара домбырамыз да алдыңғы шепке барды, шанағын оқ тесіп, қос ішегінен қан тамып, күй болып күңіренді. Біз тілге тиек етіп отырған «арнау» сол елге оралмаған 600 мыңнан астам боздақтың бізге боздап жеткен үні, үзіліп қалған ғұмырының соңғы жаңғырығы еді.

Жамбыл өңірінің тумасы, майдангер күйші Тұраш Әбеуов соғыстың нақ ортасында жүріп, осы «Арнау» күйімен болашақ ұрпақтың жүрегіне, тарихтың таспасына өз үнін, он саусағының дірілдеген сирек сезімін қалдырды.

Тұраш Әбеуов 1922 жылы Жамбыл облысындағы Жамбыл ауданына қарасты Қыршынды деген жерде дүниеге келген. Жасынан Жетісудың ән-күйін, әсіресе, Байсеркенің күйлерін жадына жаттап, жүрегіне сіңіріп өскен ол 1938 жылы Алматыдағы театр училищесіне оқуға түсіп, 4-курстан әскерге шақырылады. Командир шенінде танк жүргізіп, алдыңғы шептегі ұрысқа қатысады. Қазір «Арнау» деп аталатын бұл күй кезінде «Лениншіл комсомол», «Қазақстан комсомолы» деп аталған. Ол кезде Тұраш атамыз командир болған болса керек, өрімдей қазақ жастарының танктің үстіне ұрандатып алдыңғы шепке кетіп бара жатқанын көргенде «айналайындар-ай, аман келулерің қиын ғой» деп қайғыдан қан жұтып отырып осы күйді жазған дейді.

Соғыс кезінде домбыра да жылады... Қазақ күйшілері сұм соғыстың зұлматын домбыра тілінде жеткізді. Сөз айтуға тыйым болған заманда күй сөйледі. Мысалы: Дина Нұрпейісованың «Жеңіс», «Ана бұйрығы», «Майдандағы ұлыма» күйлері ананың зары мен үмітінің үні болса, Мұрат Өскенбаевтың «Жеңіс» күйі 1945 жылғы жеңісті сәтке арналды, Төлеген Момбеков «Інілеріме» күйімен майдан даласындағы жауынгер бауырларына елдің аманатын, ананың тілегін, даланың тынысын күй арқылы жеткізді. Ал Мағауия Хамзиннің «Белгісіз солдат» күйі – елге оралмаған ердің артында қалған елесі мен әке жүрегіндегі өшпес жараның сөз де, тіл де жетпейтін жоқтауы. Бұл күйлердің барлығы да бір ауыр шындықты айтады: соғыс – тек ұрыстағы өлім ғана емес, ел ішіндегі үзіліп кеткен үміт, үзіліп қалған ұрпақ, тоқтаған күй.

Тұраш Әбеуовтің «Арнау» күйі «Қазақтың 1000 күйі» жинағына енген. Бірақ көпшілік бұл туындыны тыңдай тұра оның тарихынан бейхабар. Бұл күйдің «Air Astana» ұшағында орындалуы – үлкен символ. Ұшақ көкке көтерілген сайын қазақтың арманы да аспанға өрлейді, ал күй соған үн қосады.

Әр күй – бір тағдыр, бір роман. Ал соғыс жылдарындағы күйлер – қасіреттің қабырғаны қайыстырар ғазалы. Ендеше бұл күйлерді құлақпен емес, жүрекпен тыңдайық. Себебі бұл күйлер – боздақтардың дауысы, аналардың зары, халықтың қасіреті.

№78-79 (4823) 05/07/2025 Сенбі

ЕРЛІК ПЕН ӨРЛІК ЖЫРШЫСЫ

ИМАНЖҮСІПТІҢ ЕСІМІ БАР, ЕСКЕРТКІШІ ЖОҚ...

«Тоқсан қатын толғатып ұл тапса да, Біреуі де бола алмайды Иманжүсіп» деп толғаған Иманжүсіп Құтпанұлы ілуде бір туатын, ноқтаға басы сыймаған, тайқы заманның тар құрсауына қарсы тұрып, азаттық рухын аңсаған айтулы тұлға еді. Арқада туып, алты алашқа әні озған сол Иманжүсіптің сүйегі қайда жатыр? Өр тұлғаны өз деңгейінде ұлықтай алдық па деген мәселеге назар аударсақ, көңіл көншітпейтін күрмеулі мәселелер кездеседі. Біздің Иманжүсіптің жоқшысы, тектіден қалған тұяқ, философия ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Раушан ИМАНЖҮСІППЕН болған сұхбатымыз да сол аяда өрбіді.



ТЕКТІДЕН ҚАЛҒАН ТҰЯҚ

– Раушан Нұрханқызы, сізді жұрт «тектіден қалған тұяқ», «Иманжүсіптің немересі» деп біледі. Иманжүсіпте неше бала болған?

– Иманжүсіптің 10 баласы – 7 қыз, 3 ұлы болған. Мен сол үш ұлдың кішісі Нұрханның баласымын. Атамыздан тараған ұрпақтар тағдырдың теперішін көп көрді. Кеңес дәуірінде «халық жауының баласы» атанып, шетқақпай көріп өсті. Иманжүсіп атылғаннан кейін ағалары – Сейітхан мен Дәулетхан Нұрханды жетімдер үйіне апарып, «аз күннен кейін тәтең келіп сені алып кетеді» деп тастап кетіпті. Осылайша әкем жетімдер үйінде өсіп, кейін соғысқа аттанды. Соғыстан кейін туған жерінде тергеуші болып жұмыс істеді. Сонда жергілікті халық «неге халық жауының баласы тергеуші болуы керек» деп шу шығарып, оны жұмыстан шеттеткен.

Иманжүсіптің атасы Тұрғанбай Сіргебайұлы Қоқан қарауындағы Түркістанның Шілік деген жерінде беделді датқа болған. Бірақ Тұрғанбай өкімет адамдарының айтқанына көніп, айдауына жүре бермеген, қандай мәселені де әділдік таразысына салып шешуге ұмтылған. Датқаның бұл мінезі Қоқан билеушілеріне жақпай әрі екі арада шағыстырушылар көбейіп, ақырында тыюсыз кеткен қоқандықтар Тұрғанбайдың ауылына шауып, қолға түскен адамның бәрін набыт етіп, малдарын айдап кетеді. Тұрғанбайға қарасты қыпшақтарды қоқандықтар көгенге байлап бауыздаған, датқаның үстіне ыстық су құйып өлтірген. Тұрғанбай ауылын Қоқан әскерлері қан-жоса етіп қырғанда, оның әйелі тоғыз айлық Баймырзасын жол шетіне қалдырып кетеді. Сол баланы Арқаға бара жатқан керуеншілер тауып алып еліне әкетеді, оған Құтпан деп ат қояды. Құтпан қайратты, қарымды болып ержетеді. Ресейдің отаршылық басқыншылығына қарсы ұлт-азаттық қозғалысын бастаған Кенесары Қасымұлының қосынында Құтпан айтулы ерлердің бірі боп танылады.

Халқының жанашыры, намысының жоқшысы болған Иманжүсіп те отаршылдардан аз қысым көрген жоқ, талай рет түрмеге қамалып, соңында бас сауғалап, бір жағынан Қызылордағы жақтағы қыпшақтар датқаның ұрпағы деп құрметтеп шақырған соң, 1913 жылы Шиелі жаққа кеткен. Кейін Мойынқұм көтерілісінің басшысы деп танылып, 1931 жылы 2 наурызда «халық жауы» деген жаламен атылған. Оның сүйегінің қайда қалғанын ұрпақтары бертінге дейін білген жоқ.

– Қазіргідей әркім өз бабасын іздеп, ұлт мүддесінен гөрі белгілі бір топтың ұпайын түгендеу көрініс беріп жатқан тұста Иманжүсіп сынды елге тұтқа болған азаматтар назардан тыс қалып бара жатқан жоқ па?

– Бұл – өте орынды әрі жанға бататын сұрақ. Ал Иманжүсіп сияқты тұлғалар – тек бір рудың емес, бүкіл ұлттың ортақ құндылығы. Ол Арқаның ғана емес, Алаштың азаттығы үшін атойлаған арыстан еді. Оның ерлігі мен рухани мұрасы бүкіл қазаққа ортақ. Сондықтан Иманжүсіпті дәріптеу – бір отбасының шаруасы емес, ұлттық деңгейдегі міндет. Бірақ осы тұрғыда көп олқылық бар. Мысалы, Иманжүсіп туып-өскен (Ақмолада) Астанада оған бір ескерткіш тұрғызылмағаны ұлттың өз тарихына салқын қарауының көрінісі сияқты. Неге халық батыр бабаларымыздың атын атап, хатын тануға салғырт қарайды? Бұл тек Иманжүсіпке ғана емес, бізге аманат боп қалған тұтас рухани мұраға жасалған немқұрайдылық сияқты.

«АЙЫРЫЛЫП ҚАЛМАС ҚАЗАҚ НЕСІБІНЕН»

– Иманжүсіптің Астанада бір ескерткішінің жоғы бізді де қынжылтады. Бұл мәселені газетке де жаздық, ақын-жазушылар да айтып жүр. Бірақ әлі күнге дейін ескерілмей келеді.

– Иә, ұдайы айтылып келеді. Иманжүсіптің 150 жылдық мерейтойында ақын, қазіргі Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтайдың:

Болыс болған бабама Есілім ең,
Шаһар болдың
бұл күнде есігі кең.
Астанамда спорттың
бір сарайы
Аталса Иманжүсіп есімімен,
Ескерткішін орнатсақ
бас қаладан,
Айырылып қалмас
қазақ несібінен, – деп жырлағаны соның дәлелі ғой. Мен де біраз хат жаздым. Бірақ бір ескерткіш қойылмай тұр, әттең!..

Астананың іргесінде, Қарағанды тасжолының бойында Жібек жолы дейтін ауыл бар. Сол ауылда Иманжүсіп атындағы мектеп, Иманжүсіп музейі бар. Бірақ мұражайды мектеп ішінде қалдырмай, жеке ғимаратта ашу керек еді. Онда Иманжүсіпке қатысты қаншама дерек, қаншама жәдігер жинақталды. Иманжүсіп Астананың, Ақмоланың сал-серісі болған соң, оның атында бір кереметмузей болса, алыс-жақыннан келген қонақтардың бәрі алдымен ат басын бұратын айтулы орынға айналар еді.

Жібек жолы ауылында Құтпан әулетінің қорымы да жатыр. Ол қорымда Иманжүсіптің әкешешесі, ағалары жерленген. Бұл қорым тарихи және рухани мәні зор нысан ретінде танылып, 10 жыл бұрын «Ақмола облысындағы сакралды орындар» тізіміне енген. Қазір оны мемлекет қорғауына алған, тиісті құжаттары рәсімделген. Бірақ сол қорымның сырты қоршалып, дұрыс күтім жасалмай жатыр.

– Тым құрығанда, сол Жібек жолы ауылын «Иманжүсіп ауылы» деп атауға мүмкіндік болмады ма?

– Айтылды. Бірақ сол ауылда тұратын кейбір ақсақалдар ауылға Иманжүсіптің емес, Тәшеневтің атын берейік деп қарсы шықты. Шын мәнінде, Тәшенев Ақмола облысы Аршалы ауданы Танакөл ауылында (Бабатай қыстауында) туған ғой. Ол кісіні неге ақсақалдардың Жібек жолы ауылына сүйреп жүргенін түсінбедім. Сонымен ауылдың пікірі екіге жарылған соң, екеуіне де бермей, «Жібек жолы ауылы» деп атап кетті.

Елорданың Сарыарқа ауданына қарайтын ескі теміржол вокзалы аумағында Иманжүсіп Құтпанұлы атында көше бар. Ақмола Астана атанған алғашқы жылдары қаладағы Литейная көшесі Иманжүсіп атына өзгерді. Бертінде қазақтан шыққан тұңғыш теміржолшы атындағы көше Иманжүсіп Құтпанұлы көшесімен бірікті. Осылайша Иманжүсіп көшесі ұзарды. Алайда Иманжүсіп атындағы көшені қаланың шетінде қалдырмай, шаһардың көрнекі аумағына ауыстырса тіпті керемет болар еді деп ойлаймын.

Мен 90-жылдардың басында Астанаға алғаш келгенде, жасы 80-90-нан асқан ақсақалдар көп болатын. Солардың біразы Иманжүсіптің көзін көрген. Иманжүсіп десең кемсеңдеп жылап қоя беретін. Қазір солардың бәрі кетті, Иманжүсіптің жоқшысы боп жүрген менің өзім 70-тен астым.

КЕКІЛБАЕВТЫҢ КӨМЕГІ

– Сіздің атаңыз жайлы жазған кітабыңызға Әбіш Кекілбайұлының көмегі тигені рас па?

– Рас. «Иманжүсіптің жоқшысы» деген «атақты» да маған абыз жазушы Әбіш Кекілбаев берген. Бірінші рет Әбіш ағаның алдына барғанда, қолмен жазған үш папка кітабым болды. Тақырыбы – «Иманжүсіп». «Аға, осы кітапты жаздым, сізге көрсетуге келдім» дедім. Мемлекеттік хатшы болып тұрған кезі, Иманжүсіп дегенде елең етіп, аса бір ықылас танытып, апыл-ғұпыл шапаны мен галстугын шешті де, мені отырғызып қойып, үш сағат бойы сол жазбаларымды бас алмай оқып шықты. Үш сағат бойы! Менің жазуым, шыны керек, өте түсініксіз болатын. Бірақ бір рет те «мынау не?» деп сұраған жоқ. Жан-тәнімен беріле оқығаны күні бүгінге дейін көз алдымда.

Бұл қолжазбаға Иманжүсіптің өмірінен алынған 15-ке жуық әңгімені топтастырған едім. Оның туыстары, балалары, бастан кешкен оқиғалары – бәрі жазылған. Әбіш аға оқып болған соң бірден телефон шалып: «Алтеке, маған Иманжүсіптің немересі келіп отыр. Кітапты шығару керек» деді де, «Ал енді Алтекеңе бара ғой, айтып қойдым» деді. Мен «Алтеке» деген кім деп жүрсем – Мәдениет және ақпарат министрі Алтынбек Сәрсенбаев екен. Қыздар жол көрсетіп, министрге кіргізіп жіберді. Алтекең: «Уайымдамаңыз, қаржы бөлінеді. Кітап шығады» деді. Бірақ ақша бөлінгенмен, «Өнер» баспасы 500 беттік «Иманжүсіп» атты қолжазбамды қысқартып, 200-250 беттей ғана етіп шығарды. Сөйтіп, Әбіш аға мен Алтынбек Сәрсенбаевтың көмегімен менің тұңғыш кітабым – «Иманжүсіп» жарық көрді. Кітап баспадан шыққан күннің ертесінде Шерхан Мұртаза «Егемен Қазақстан» газетіне «Иманжүсіп жайлы кітап шықты, оның ұрпағы бар екен» деп бір бет мақала жазды.

ӘКЕДЕН – АМАНАТ

– Сізді Иманжүсіптің жоқшысы болуға итермелеген не күш?

– Әкем Нұрхан өмір бойы әкесі Иманжүсіптің із-дерегін іздеумен өтті. Бірақ оның сүйегінің қайда жатқанын таба алмай, басын тауға да, тасқа да ұрды. Иманжүсіптің есімін кішкентай кезімізден біздің құлағымызға құйды. Ол кісінің алты баласы болған, жарықтық, бірақ әкем ұлдарынан үміт күтіп, Иманжүсіптің жоқшысы болса екен деп тіледі, ал «қыз жат жұрттық» деп бізге барған жерлеріңнің бағын ашсаңдар, ұрпағын көбейтсеңдер болды дейтін. 1992 жылы «Сіздің әкеңіз Иманжүсіп 1931 жылы 2 наурызда «халық жауы» деген айыппен атылған. Сүйегі Таразда жатыр. Басқа деректер керек болса бізге хабарласыңыз» деген хат келгенде әкем қартайып қалған кезі еді. Содан мені шақырып, «Қызым, саған аманат, әкемнің жатқан жерін тап. Әндерін тап, оның рухын туған халқымен қайта қауыштыр. Сенен тілерім осы» деді. Сөйтіп 1992 жылдан бастап сол төрт бет қағазды көтеріп алып, Иманжүсіптің жоқшысы боп жүрмін.

– Сүйегін таптыңыз ба?

– Жамбылға барып, Иманжүсіптің сүйегі жатыр деген жерді өз көзіммен көрдім. Орыстың көрілігінің оң жағындағы үлкен ор екен, әкем атылғаннан кейін мәйіті сол орға тасталып, үсті топырақпен көмілген. Ол арада тек Иманжүсіп қана емес, қызылдар атқан талай адамның сүйегі қабат-қабат етіп көмілген. «Орды ашайық, Иманжүсіп ірі адам болған, мүмкін сүйегін тауып алармыз» деп едім, оған мүмкіндік жоқ деді. Сол ор әлі күнге дейін қоршалған жоқ, боздақтардың қаны төгілген жер ластанып, әбден былғанып кеткен. Мен белгі орнатып едім, оны да біреу жұлып, лақтырып жіберіпті. Жергілікті әкімдікке де талай бардым, қарағымды мінгізіп, шырағымды жетектетіп шығарып салады.

ЖАЛҒЫЗ СУРЕТТІҢ ТАРИХЫ

– Иманжүсіптің суреті қалай табылды?

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ: «ИМАНЖҮСІП – КӨЗ ЖЕТЕР ЖЕРДЕГІ АСА БІР ӘЙГІЛІ ДЕ АСҚАҚ ТҰЛҒА. ОЛ – БҮТІН БОЛМЫСЫМЕН АСА ЗЕРДЕЛІ СУРЕТКЕР, КОМПОЗИТОР, ҰЛЫ ӘНШІ-САЗГЕР. ӨЗІНІҢ БІТІМ ТАБИҒАТЫ БОЙЫНША НАҒЫЗ ДАЛА КӨКЖАЛЫ. ОЛ МҮЛДЕ ҚАЙТАЛАНБАС, ҚАТАРДАҒЫ ЕКІНІҢ БІРІНІҢ ҚОЛЫНАН КЕЛЕ БЕРМЕЙТІН ЕРЛІККЕ БАРЫП, АДАМДАРДЫҢ ЖҮРЕГІНЕН ОРЫН АЛЫП, АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛДЫ»

– Иманжүсіптің жалғыз суреті ғана бар, оның өзі көшірме. Жәнібек Кәрменов Ленинградқа барып жүрген бір сапарында қазақ газеттерін оқып отырып, Иманжүсіптің фотосын көреді де, фотоаппаратына жасырын түсіріп алып, елге алып келеді. Қазір Қазақстанда тарап жүрген сурет сол. Жәнібек Кәрменов түсірген сол фото қазір Иманжүсіп музейінде тұр.

Иманжүсіп суретке көп түспейді екен. 1927 жылы Қазан төңкерісінің мерейтойында Сәкен Сейфуллин Иманжүсіпті Қызылордаға шақырғанда жеті жастағы әкем ере барыпты. Сол жолы Сәкен, Иманжүсіп және әкем Нұрхан, тағы біреуі Жұмабай Орманбаев болса керек, төртеуі суретке түскен, ол фотоның бір данасы біздің үйде де болған, қызылдар әкемді ұстағанда бірге әкетіпті, сол фотоны әлі таба алмай жүрмін. Ал Әнес Сараев «Қазақ әдебиетінің» бір санында атамның суреті шыққанын айтып еді, «Қазақ әдебиетін» талай ақтардым, таба алмадым, көп нөмірі жоқ. Ал Ленинград – Санкт-Петербургте сақталған. Әттең, «ойлаған ойды билеген тұрмыс жеңіп», сол қалаға жете алмай жүрмін.

– Иманжүсіптің әндері туралы айтсаңыз. Қанша әні бар?

– Иманжүсіптің 20 шақты әні болған. Ал А.Затаевич Иманжүсіптің Қазақстанның бірнеше өңірінен жазып алған 6 әнін нотаға түсіріп, мұра етіп қалдырды. Бірақ ол кісі қазақ тілін білмейді ғой, сосын да тек нотасын жазып, сөзін жазбаған. Мәселен, «Ел қайда?» әні туралы ол Қостанайдан екі қыз келіп айтып берді деп түсініктеме жазған. Содан бір жылы жаз бойы Қостанайды аралап, Глазуновка деген ауылға тойға бардым. Ақсақалдар өте көп екен. Олардан «аталар, Иманжүсіптің «Ел қайда?» деген әнін білесіздер ме?» деп сұрап едім, бір шумағын ғана білетін болып шықты. Содан екінші шумағын ақын Серік Тұрғынбекке жаздырдым. «Ел қайда?» әнінің жайы осылай. Қайрат Байбосын Иманжүсіптің «Батыр-ау» деген әнін орындап берем деп жүргеніне де біраз уақыт болды, әлі жоқ. Сөзін жазып алғанмын. Ал «Сарыарқа» әнінің төрт нұсқасы бар. Е.Брусиловский Иманжүсіптің «Сары мойын» әнін операға «Бекежанның ариясы» қып киргізіп жіберген. Әндерінің сөздерінде де аусай айтылып жүрген тұстары бар. Мәселен, қазір бәрі «Жүз қатыны қыпшақтың ұл тапса да, бәрібір бола алмайды Иманжүсіп» деп айтып жүр, әкем мұны естігенде кейіп, қатты ренжитін. Мен Иманжүсіптің көзін көрген адамдардан сұрағанымда «Тоқсан қатын толғатып ұл тапса да, Біреуі де бола алмайды Иманжүсіп» деп айтып берген.

ҚОЛЖАЗБАҒА ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

– Ал мынау не қылған қолжазба?

– Бұл қолжазбаны саған көрсетейін деп әдейі дайындап қойдым. Бұл – Жұмабай Орманбаевтың өткен ғасырдың 60-жылдары Иманжүсіп туралы жазған «Даланың перзенттері» деген романы. Күні бүгінге дейін жарық көрген жоқ. Қолжазбаны компьютерде тергізіп, дайындап қойып отырмын. Бұл кітапты Үкіметтің қолдауымен немесе баспалардың демеуімен шығармаса, оны бастыруға менің мүмкіндігім жетпейді.

– Сұхбатымыздың соңында ойда жүрген өтініштерді де айта кетіңіз.

– Ең бастысы, Астанада Иманжүсіпке керемет бір ескерткіш қойылса деймін. Ол Ақмоланың (Қараөткелдің) сал-серісі ғой. Жұмабай Орманбаевтың романын баспадан шығаруға Үкімет қолдау көрсетсе, Иманжүсіп үшін де, автор үшін де қайырлы жұмыс болар еді. Санкт-Петербургке барып газеттерді ақтарып, Иманжүсіп жайлы деректерді жинауға демеуші табылса, қатты қуанар едім. Менің 30 жылдан астам уақытым Иманжүсіпті зерттеумен өтті. Он шақты кітап жаздым. Осыған дейін бұл еңбегімді ешқашан бұлдаған емеспін. Қазір мен де 70-тен астым. Астанада қуықтай үйді жалдап тұрып жатырмын. Менің де еңбегімді ескеріп, бас қаладан бір пәтер берілсе деген өтінішім бар. Бұл Иманжүсіп рухына жасалған құрмет болар еді деп ойлаймын!

Сұхбаттасқан
Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

№78-79 (4823) 05/07/2025 Сенбі

ҚАЗЫНАСЫ КӨП ҚОС КІТАП

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының Фариза ақын залында ақын, аудармашы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Маржан Ершудің қос кітабының таныстырылымы болып өтті. Әдебиетке, рухани құндылыққа қызығушылық қоғамның басты артықшылығына айналуына кітапханалар аса мүдделі. Қалам иелері қазыналы ғимарат кітап қорына молыққан сайын оны Жерұйығындай ардақтап қабылдайтыны рас.



Маржан Ершу туралы «Жайықтың жыр Маржаны» атты портреттік деректі фильмді Гүлжайна Сүлейменова түсірген. Экраннан Дәулеткерей Кәпұлы, Қалқаман Сарин, Ербол Бейілхан, Бауыржан Қарағызұлы, Болатбек Төлепберген сөйледі. Маржанның уыздай жас кезі де таспаға түсіп қалыпты. Мұнан соң кездесу еркін қалыпта, сұхбат, сұрақ-жауап күйінде өтті. Қазақстан Жазушылар одағының Астана қаласы филиалының басшысы Бауыржан Бабажанұлы Маржанның қазіргі әдеби процесте белсенділігін, ел назарында жүретінін, еңбегі ерекше екенін баса айтты.

«Шығармашылық лаборатория» және «Әйелдер галереясы» атты қос кітап тұсаукесерден соң тасада қала беретін кітаптардан емес. Автор оқырманын тақырыптарымен де, айта білу шеберлігімен де жалықтырмайды.

Маржанның кейіпкерлері – Бопай ханым, Дина Нұрпейісова, Хиуаз Доспанова, Фариза Оңғарсынова, Ақұштап Бақтыгереева, Қыпшақ Қоныр Иштван Мандокидың сүйген жары Оңайша Мақсымқызы сынды кілең деректі, қазақтың ару қыз – алтын аналары. Қаһарман таңдауда мистикалық мезеттер де жиі кездескені сұхбат үстінде білінді, мұны біздің халық аруақ, рухқа қызмет ету дейді, өткені арқылы келешекке ұмтылудың қасиетін таныған соң аруақты қастерлейді.

Маржан әйелдердің қазіргі қоғамда қорғансыз қауым болғанын қаламайды, қазақтың қызы ғылымның да шыңына шықты деп таниды. Өзі айтқандай, әйелдердің құқығын қорғауды мақсат тұтқанына қос кітап куә. Биші Шараның ескерткішін орнатса деп жазуы әйел затына тән сұлулықтың адам жанын ізгілендіре түсеріне сүйініш болса керек.

Сөз арасында Төлеген Айбергенов «Сағыныш» циклін жазғанда 17 күн ұйықтамағанын Бауыржан Бабажанұлы айтып өтті. Тылсым күш пен шығармашылық буырқана тоғысқанда жазу туады, әдебиет мистикасыз болмайды. Жаратушы Иенің құдіретімен аруақ түске кіру арқылы ұрпақ жадында өшпеуді қалайды, өмірден өткен марқұмдардың қалам ұстаған жанға аян қылуы, бата беруі шындық екенін былайғы жұрт көп біле бермейді.

> Маржанның кейіпкерлері – Бопай ханым, Дина Нұрпейісова, Хиуаз Доспанова, Фариза Оңғарсынова, Ақұштап Бақтыгереева, Қыпшақ Қоныр Иштван Мандокидың сүйген жары Оңайша Мақсымқызы сынды кілең деректі, қазақтың ару қыз – алтын аналары. Қаһарман таңдауда мистикалық мезеттер де жиі кездескені сұхбат үстінде білінді, мұны біздің халық аруақ, рухқа қызмет ету дейді, өткені арқылы келешекке ұмтылудың қасиетін таныған соң аруақты қастерлейді

Маржан Ершу Түркия, Венгрия елінде айлап жүріп, әдеби-мәдени өмірге тіке араласты, түркі әлемінің ақындарымен жүзтаныс, дос болып оралды. Бұл қалам ұстаған қауым үшін асыл мұрат, жаңа көкжиектерге ынтызарлық тудырмақ. Маржан Ершу: «Талантты адам өз талантынан тысқары өмір сүре алмайды. Оның ауасы да, дауасы да – өнер» деп біліп жазады.

Балалық шақта ел жақта Маржан әкесі Аманқос ақынға ере барғанда Шоқпартоғай ауылында тұратын әкесінің ұстазы, әдебиетші, шежіреші Жанаш Нұрмаханов ағайдың үйі кітапқа толы екенін көріп, «Біздің ауылдың кітапханасы сияқты екен деп ойлағам сонда» деп жазады осы кітапта. Расында, қоғамға сыймай, өз орнын таппай дағдарысқа түсетіндер, адасып ah ұратындар үйінде бір кітабы жоқ отбасылардан көбірек шығары ащы болса да шындық. ҚР Ұлттық академиялық кітапхана – болашағын білімге телитін жастардың сүйікті мекені.

Мажарстанда түбі қыпшақтар қазақ тілін үйренуге құштар екені осы кітапта жазылған. Шандор Петефи – венгр халқы үшін біздің Абай сияқты ұлы ақыны, әлем әдебиетіне енген күрескер, жасампаз тұлға. Оның бір өлеңін Әбу Сәрсенбаев аударғанын автор кітапта әдемі келтірген.

Маржан Ершу ноғай халқының ірі ақын қызы Кадрия Темирболатованың жырларын аударды. Кадрия ақынның асыл мұрасын бауырлас түркі тілдеріне аударған ТҮРКСОЙ ұйымдастырған іс-шараларға қатысты. Кадрия туралы мақалада оның өміріне арналған жан тебірентерлік деректер бар. Кадрия поэзиясы – Алтын Орда дәуіріндегі елдік рухты еске түсіретіндей қуатты һәм шынайы жырлар. Кадрия, бұйыртса, менің де әдебиеттану саласында зерттеу нысаным болмағы – сол елдік рухқа, сөз магиясына әрі айқын тұлғаға тағзым.

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,
жазушы

МЕРЕЙЛІ АРДАГЕРЛЕР



Қазақстан Республикасы БАҚ өкілдерінің кәсіби мерекесі қарсаңында елордалық Ардагерлер кеңесінің медиатоп мүшелері олжалы болды.

50 жыл – күні бүгінге дейін дикторлық қызметте жүріп, ғасыр құрдасы – Қазақ радиосының «күміс көмей Күләші» атанған Күләш Молдахметова Президет Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды. Көркемсөз оқу шебері, «Қазмедианың» құрметті ардагері» атағының иегері, балдырғандар сүйіп тыңдайтын ертегілерді оқитын Күләш Кәйленқызы – дауысы әсем әуенмен үндескен шебер диктор.

Журналист-ардагер Қарлығаш Құспанды Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева «Еңбек ардагері» медалімен марапаттады. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, телевидение, радио және баспасөз, мәдениет саласында 56 жыл еңбек еткен майталман, Ұлы Жеңіс құрдасы Қарлығаш Бәкенқызы – «Мәдениет және өнер саласының үздігі», «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісінің иегері, бүгінде Есіл ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының «Есіл толқындары» халық ансамблінің продюсері әрі режиссері.

Астана қаласының Ардагерлер кеңесі марапат иелерін шын жүректен құттықтайды.



ЖАСАЙ БЕР МӘҢГІ, ЕЛОРДАМ!

Есенбек СӘТБАЕВ



Жасап бір жаңа бастама,
Ұқсамас мүлде басқаға.
Әлемде жоқ үлгімен,
Бой көтерді Астана.
Әдемі сұлу сәні асқан,
Бітімі бөлек жарасқан,
Көрікті биік зәулім үй,
Жарыса көкпен таласқан.
Өзгеше жайнап өңірі,
Өзгерген қала өмірі.
Бір-бірінен озғандай,
Ғимараттың не бірі.
Қалғандай бәрі жараса,
Жалғасып жатыр жанаса.
Ғажап бір әсер бергендей,
Жан дүниеңе тамаша.
Сұлулық бойда тұр тұнып,
Сарыарқа төрі құлпырып.
Шет елден келген қонақтар,
Қызығып қарар ынтығып.
Өзгертіп сәндік барысын.
Келтіріп ұлттық мәнісін.
Дулыға кисе «Хан Шатыр»,
«Бәйтерек» киген тәжісін.
Қос ғимарат мүсіні,
Таңғалдырып кісіні.
Қызықтырар алыстан,
Көрікті сұлу пішіні.
Көрсетіп бойын көк асқан,
Төбесін сүйді көк аспан.
Ажарын ашты елімнің,
Бейнесі сұлу жарасқан.
Гүлденіп өскен жас қалам,
Сұлулық сенен аспаған.
Егеменді елдіктің,
Бастауы болған Астанам.

Жайылды өсіп өркені,
Жадыратып өлкені.
Құлпырған менің Астанам,
Осындай аңыз ертегі.
Жақсыға жасап қос қадам,
Достықты әркез қоштаған.
Татулық туын көтеріп,
Шуағын шашқан Астанам.
Ат ізін салып баспаған,
Жат елде келе бастаған.
Жатсынбай бәрін қарсы алып,
Құшағын ашқан Астанам.
Шындықты енді көргендей,
Көздері жетіп сенгендей.
Шетелдіктер таңғалды,
Ертегі елге келгендей.
Қызығып көз тастаған,
Мойындап бәрі растаған.
Сұлу көркің әлемнің,
Аңызы болған Астанам.
Сұлулық сырын ашпаған,
Сәулеті бөлек бас қалам.
Құт дарытып еліңе,
Жасай бер мәңгі, Астанам!

МАҚТАНЫШЫМ – АСТАНА

Астана қаласы Есіл ауданы ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен қала күніне орай балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушылары қатысқан мерекелік жиын өтті.



«Байбала», «Тотоша» балабақшаларының кітапханасында жас өркендер Астана туралы өлең-тақпақ оқып, қолын кеудесіне қойып, Мемлекеттік әнұранды шырқады. Арнайы шақырылған қонақ – есімі елімізге таныс күйші, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздаханова үкілі домбырасымен бірнеше күйді тамылжыта орындап берді. Сондай-ақ бүлдіршіндер мен оқушылар алдында кітапхана меңгерушісі Г.Сұңқарбекқызы, «Байбала», «Тотоша» балабақшаларының меңгерушілері А.Лұқпанова, М.Раисова, ардагерлер С.Меңлібаева, М.Бердіғалиева, Қ.Құспан, Ж.Мұздаханова сөз сөйлеп, ел Астанасының 28 жылда өсіп-өркендегенін, дамып жатқанын қызықты дерек-дәйекпен әңгімеледі. Астана күніне арналған іс-шара аясында Есіл ауданы ардагерлер кеңесінің төрайымы Ш.Үстемірова белсенді ардагерлерге алғыс хат табыстап, елорда дамуы мен жас ұрпақ тәрбиелеуге зор үлес қосып отырғандарға шын жүректен алғыс білдірді.

Өріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАРЫ ДОДАСЫ



Кеше Астанада Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Құралай Ешмұратованың 80 жас және Астана қаласы әкімдігіне қарасты Қуыршақ театрының 15 жылдық мерейтойына арналған IV халықаралық «Құралай»» қуыршақ театрлары фестивалінің шымылдығы жабылды.

Фестивальдің мақсаты – қуыршақ театры өнерін дамыту және танымал ету. Тамыры терең мәдениетіміз бен өнерімізді әлем жұртшылығына насихаттау. Жаһандық театрлармен шығармашылық байланысты арттыру, тәжірибе алмасу, қуыршақ жүргізу шеберлігін шыңдау. Ал ең негізгі мақсаттардың бірі – рухани-танымдық қойылымдар арқылы кішкентай көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

